

63.3

A-37

Торғай Ақпанбаева



ЖЕЛТОҚСАН - ЕРЛІК ТАРИХЫМЫЗ

Қарағанды 2021 жыл

Торғай Ақпанбаева



Желтоқсан – ерлік тарихымыз

Қарағанды 2021 жыл

«Елімнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық
жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі
жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, еддін. де иесі өзің екенінді ұмытпа!»

Н. Назарбаев.

Kipicne



Желтоқсан — ерлік тарихымыз

Тарихтың ойлы — қырлы белестерінде халық жүрегінде сақталып, жадында жатталып қалатын, қоғамдық дамуға айырықша әсер етіп, ұлттық сана — сезімге қозғау салатын аса маңызды оқиғалардың бірі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еді.

Мұндағы жастардың ерлігі өзінің ар намысын, азаматтық қасиетін, ұятқа қалмауды, опасыздық жасау сезімінен қорғауды, отандастарымызды қауіпсіз етуге ұмтылу болды.

Ер бақыты мен ел бақыты неде деген сауалға:

Елі аман, іргесі тыныш болса, ер бақытты. Сын сәтте жауға найзасы тиетін, бейбіт кезде елге пайдасы тиетін ері болса, ел бақытты - деген екен даналар. Ал халық үшін байлық байтақ даласы, жер қойнауындағы қазынасы, бай дастарханы, дархан даласындай кең пейілі болса, ал біз адамдар үшін байлық денсаулығы,



дос — жарандар, ұрпағымыз болса керек.

Осы Желтоқсан оқиғасы кезінде еліміздің әр жерінде жүрген ауданымыздың жастары, біздің ұрпақтарымыздың ерлігі туралы айтпақпын.

Мереке қарсаңында желтоқсан оқиғасына қатысқан аудан жастарының ерлігін, елге, жерге, тілге деген сезімін келешек балалар ағалары мен апаларының еңбегін біліп, оларға қатар жүргенде құрмет көрсетіп жүрсін, білсін деген оймен ұсынып отырмын.



Желтоқсан оқиғасына катыскан Қазақстандық жастар

Желтоқсан оқиғасының мәні мен маңызы қандай?
Біздің тағдырымызға не әкелді?

Қазақстанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тарихтан өзіне лайықты орын алатыны сөзсіз. Желтоқсан толқуы сол кездегі саяси тәртіпке қатты соққы беріп, күлін көкке ұшырды. Желтоқсан оқиғасы Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің алғашқы хабаршысы, Отансүйгіштік пен жүрек жұтқан ерліктің жарқын көрінісі болды.

Қазақ халқының жағдайында тоқырау қабырғасын қакыратқан демократияның тұңғыш белгісі. Осы оқиға біздің халқымыздың арқасына батқан аяз, қайғы – қасірет еді. Тарихтың тар жол тайғақ кешуінде талай зорлық — зомбылық көрген қазақтардың мандайына жазылған тағы бір тауқымегін жастарымыз көтеріп алғанына да 35 жыл өтті.

Бүгінгі ой биігінен қарасақ, жастардың осындай

шешуші қадам жасауына, қарулы қолы мен техникасы бар, болат құрсанған үкімет қарулы күштеріне қарсы алаңға шыққандардың нендей күш жетелегендерін анық байқауға болады. Ол күш — бодандықтан құтылу, ұлттық қайта өрлеуге қол жеткізу, барлық қасиетті жақсылықтарынан айырылып бара жатқан халқымыздың тағдырына алаңдаушылық еді. Жастар бастамағанда, бүгінгідей тіл, дін, әдеп-ғұрып, жалпы мәдениетіміз, халықтың келешегі туралы сөз болмайтын еді.

Осыған орай — сол уақытта да кейінгі кезде де желтоқсан оқиғасына берілген сын көтермейтін бағалар болды. Ол желтоқсан бас көтеруіне «Алматыдағы бүлік», «Студенттердің ереуілі», «Қазақтардың ұлтшылдық әрекеті» деген пікірлер еді. Жүздеген, мындаға адам қатысқан әртүрлі көлемдегі бұқаралық саяси наразылық, Желтоқсан уақытына сонымен қатар Арқалықта, Ақтөбеде, Жамбылда, Жезқазғанда, Көкшетауда, Павлодарда, Қарқаралыда, Өскеменде, Талдықорғанда, Ақмолада, Шымкентте және көптеген елді мекендерде орын алды.

Желтоқсан оқиғасы Қарағандыны да шарпыды. Жастар ереуілге шықты. 1986 жылғы 19 желтоқсандағы Қарағандыдағы толқуға қатысқандар тізіміне 269 адам іліккен. Мұның 206-сы студент жастар. Солардың ішінде университеттен — 26, политехникалық институттан — 13, есеп — кредит техникумынан — 19, индустриалды — педагогика техникумынан — 9, музыкалық училишеден — 2 оқушы бар. Қала, өнеркәсіп орындары мен ғылыми мекемелерінен — 28 адам алаңға шығып, өз наразылығын білдірді. Қарағандыдағы 19 — 20 желтоқсан күнгі ереуілге қатысқандардың бәрі де өзінің қатысына байланысты жазаланды. Көшеге шыққан жастардың әке — шешелері, туыстары назардан



тыс қалмады. Олардың бала тәрбиесіндегі қателіктері деп айтылып, жиналыстарда қаралса, коммунист ата — аналар партиялық жаза алды, ал студент балалары оқудан шығарылып, қатаң сөгістер берілді-

Желтоқсан қаһармандарын айыптап, жаза беруде Қазақ КСР Жоғарғы соты заңсыздық көрсетті. Соның нәтижесінде республика бойынша 102 адам сотталды. Сотталған жастардың барлығы азап пен қорлықты, қинау мен жазалаудың адам айтқысыз қиындықтарын көрді.

Бүгінгі қайғы — қасіретке толы Желтоқсанды еске ала отырып, Қазақстан өзінің егемендігі мен тәуелсіздігіне ұзақ та қиын — қыстау күрес жолдарынан өту арқылы қол жеткізді. Желтоқсан біздің қаншалықты қажыр — қайратымыз бар екенін көрсеткен сынаққа айналды. Бұдан ұмытылмас тағлым алып, оны еліміздің болашағын нығайта түсу үшін пайдалана беруіміз керек. Осы өткен 35 жыл қазақ халқының тарихындағы ұлттық ояну кезеңінің бастамасы болды.

Ұлттық ояну дегеніміз ұлтшылдық емес, ұлтжандылық. Халқымыз өз тарихын, өзінің ұлттық қасиетін қайта танып, қайта жаңартып жатыр.

Кешегі Желтоқсанда алаңға шығып, өз халқының ары мен абыройын жоғары көтерген, сол үшін атылған, түрмелер мен лагерьлерде азап шеккен, оқудан шығарылып, тағдыры талқандалған мындаған жастарымыздың — демократияның алғашқы қарлығаштарының ғажайып ерлігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Тарих, халық оларды ақтады. Алдағы уақытта жастар дәл өздеріндей басқа ұлттармен гіл табысып, тұрған жерлерде азаматтық келісімді нығайта беруге бастамашы болу керек.

«1986 жылы Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының

ұлттық санасының қаншалықты өскендігін көрсетіп берді. Бұл ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұмырығында ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді- Жастар айдай әлемнің алдында кез — келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса көктеуге мойынсұнбайтынын паш етіп берді», - деп баға берді елбасымыз Н. Назарбаев.

Қазақстандық жастар

Қазақ халқының, қазақ ұлтының рухын іздеп, тәуелсіздікті көксеп Алматыда алаңға жиналған он мыңдай жастарымыз адам айтқысыз ұрып соғылды. М. Шахановтың комиссия қортындысында 8500 адам түрмеге қамалып, 110 адам сотталды, партия қатарынан 55 адам, комсомоддан 758 адам шығарылып, 210 коммунист партиялық, ал 1164 комсомол мүшесі жаза алды. Әкімшілік жолмен 707 адам жазаланып, 1400 адамға тәртіп қорғау органдары тарапынан қатаң шара қолданылды. Сол ең жоғары жазаға іліккендердің бірі - Қайрат Рысқұлбеков. Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбирадай үл - қыздарымыз қаза тапты.

Қаймана қазақ қамы үшін,
Қарусыз шықтық алаңға.
Алыстан әскер алдырып,
Қырып салды-ау табанда,
Сөйлесем даусым жетпейтін,
Кез болдық мынау заманға,
Шовонизм еді ғой,

Басты себеп жанжалға — деген болатын Желтоқсан қаһарманы Қ. Рысқұлбеков.

Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков

13.03. 1966 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. 1983 жылы мектеп бітірген соң, 1984 ж. — 1986 ж. №33635 әскери бөлімшеде әскери міндетін атқарып, сержант шенінде оралған. 1986 жылы Алматы сәулет – құрлыс институтына оқуға түсті. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысып, жазықсыз жазаланып, ату жазасына кесілді, кейіннен бұл жаза 20 жылдық келісімге ауыстырылды.

Қайрат өз сөзінде: «18 желтоқсан 1986 жылы алаңға көпшілікпен бардым. Онда қазақ қыздарын ұрып — соғып жатыр дегенді естіген соң, оларды арашалап қорғау үшін барғаным рас. Оған өкінбеймін, үлкен мақтаныш тұтамын. Бірақ, кісі өлтірген жоқпын, құдай өзі куә. Айуандық жасау менің қолымнан келмейді. Әйел затына айуандықпен қол көтеріп, шашынан тартып, көкпарша сүйрегеніне шыдамадым» дейді.

21. 05.1986 жылы Семей түрмесінде жұмбақ өліммен қайтыс болды. 1996 жылы «Халық қаһарманы» атағы берілді-

Ол тірі болғанда ақын болар ма еді?...

Елбең — елбең жүгірген,

Ебелек отқа семірген.

Арғымақ мінген жаратып,

Ақ сауыт киген темірден,

Алатаудай бабалар,

Аруағыңмен жебей көр! ...

Қайрат небәрі 21 жас ғұмыр кешті. Бірақ Қайраттың өзі кеткенмен, оның артында мәңгі өлмес, үлгі болар ісі, азаматтық даңқы қалды. Бүгінде арамызда болса 13 —ші наурызда 46 жасқа келер еді. Қайрат батыр ғана емес, ақын да еді. Достарының көңілін жұбата

да білді-

Өзімен қамауда болған Құттыбек Аймахановқа: - «Мүмкін емес... Өмірдің жеңбеуі — үйдей тастарды жарып шығатын нәп-нәзік тал шыбықтарды көріп пе едің?... Бала кезімде таң қалатынымын, сенбейтінмін үлкен — үлкен тастарды жарып шығатын шөптерге, тал шыбықтарға - бұл дегеніміз өмір. Өмір дегеніміз — шындық. Шындықты жеңу ... жоқ, жеңілуі мүмкін емес!»! — деген екен.

Қайраттың анасы Дәметкеннің әңгімесінен: «Сот болған кезде «Мен жаламен кетіп бара жатырмын, мама!» - деп жылаған дауысы әлі күнге құлағымнан кетпейді. Баламның қолына кісен салғанда шынғырған дауысы... Ертеңіне рұқсат алып, кездесуге барғанда, ол жылап тұрып былай деді:

- Маған тергеуші «төрт мың сом берсең, ісінді жеңілдетем» деп айтты мама. Мен сіздерден жазықсыздан жазықсыз, босқа ақша алып қинағым келмейді. Өйткені менің еш кінәм жоқ, жала жауып отыр. Болмаған соң зәбір көрсетіп, ине тықты. Міне, өне бойымда сау-тамтық жер жоқ, - деп денесін көрсетті...»

Қайрат 1992 жылы 21 ақпанда толық ақталды. Бәрі ақталды. Желтоқсанның мезгілсіз аққан жұлдыздары өз орындарында, биікте тұр. Қазақ халқына 21-ші басшы келгенде, 21 жастағы Қайраттың қолына кісен салынып, дәл 21 күн сот алдында тұрып, тас түрменің 21-ші камерасында 21-ші мамырда қаза тауып, 21-ші ақпанда ақталуы кездейсоқ емес Қайраттың туған жері Мойынқұмда ескерткіш ашылғанда, акын Мүктар Шаханов:

Жігерінмен көктеп өтіп,
Ұлт мүддесін шекпен етіп.
Төбең бір сәт көкке жетіп,

Өз өлкеңе ескерткіш боп оралдың ба, айдарым!
— деген екен.

Бесоба ауылының тұрғыны ауыл шаруашылық институтының студенті Думан Оразбаев уақытша қамау изоляторында Қайрат Рысқұлбековпен журналист Құттыбай Аймахановпен бірге отырған кезін еске алады. Қайратқа басында ату жазасы кесілген болатын, кейіннен 20 жыл берді, ал мен сотталғаннан кейін (3 жыл) Өскемендегі зонаға жіберді. Онда да тыныштық бермеді, «халық жауысындар» деп неше түрлі қорлық көрсетті. Сол ауыр соққылардан болар, еңбекке жарамсызбын, 2-топтағы мүгедек болдым.

Қайраттың өлімі туралы түрмеде отырған басшылар газеттен өлгендігі туралы мақала көрсетті. Кейіннен мені 1,5 жылда босатты, келген соң оқуымды жалғастырдым, бірақ тыныштық бермеді, еріксіз бәрін тастап, ауылға кеддім. деп еске алады. («Орталық Қазақстан» газеті. 15.12.2016 жыл)

Қайрат Рысқұлбеков тұлғасын насихаттау, сол арқылы бүгінгі жастар бойына Отаншылдық рухты егу — әлі жалғаса беретін жұмыстардың салмақтысы.

Ербол Спатаев

1964 жылы Талдықорған облысы, Көктал ауылында туған. Панфилов ауданындағы мектепті бітіріп, әскери міндетін өтеп қайтқаннан кейін Алматы энергетика және байланыс институтына оқуға қабылданған. 1986 жылы институттың 2 —ші курс студенті еді. 1986 жылы өз еркімен желтоқсан оқиғасына қатысып, бас

сүйегінен ауыр жарақат алды. 23 желтоқсан 1986 жылы қайтыс болды.

Ерболдың әкесі Бейсен ақсақал әңгімесінде: «Ерболдың қаза болғаны жайлы 23 желтоқсан күні күндізгі онда естідік. Төбемізден жай түскендей болды. Баламды 24 желтоқсан күні алып келген соң олар бірден жерлеу керек деді. Мен ең болмаса бала үйге бір түнесін деп едім, оған олар және ауыл молдасы келіспеді. Онда табытты ашындар, кім біледі, мүмкін менің балам емес шығар, анығына көз жеткізейін дедім. Олар біраздан кейін келісті. Балам менікі екен. Сол жақ шүйдесін қатты затпен ұрған көрінеді. Оң жақ көзінің асты аздап көгеріпті. Денесінің қалған жарі сау, өз көзіммен көрдім.

Ерболды жерлеген соң бірден Алматыға келді-м. Жанында жататын екі баланы оқудан шығарып жіберген екен кездесе алмадым. Балам қала шетіндегі ауруханаға 18-і күні түскен екен. 20-сі күні операция болып, 22-сі күні жантәсілім қылыпты. Одан кейін республикалық прокуратураға барып іздендім, дұрыс жауап ала алмадым. Іздегенде қайда барам, өзім малшы адаммын, бірақ әділдік жеңеді екен, халық сүйген азаматтардың арқасында балаларымыз ақталды. Бұған да шүкіршілік, шүкіршілік...»

«Желтоқсан құрбандарын жоқтау», 1992 жыл

1986 жылы Желтоқсан оқиғасы кезінде ерекше есте қалған оқиғаларды сараласақ, ерлер мен бірге қазақ қыздарының қайсарлығы көзге түседі.



Сәбира Мұхаметжанова

1985 жылы сегіз жылдықты үздік бітірісімен Өскемен қаласындағы педучилишенің қазақ бөліміне оқуға түскен. 1986 жылы өз еркімен желтоқсан оқиғасына қатысқан.

Ләззат Асанова

Талдықорған облысы, Панфилов ауданы, Ақжазық ауылында дүниеге келген. 8 класты бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы Чайковский атындағы музыкалық училищеге оқуға түскен. 1986 жылы өз еркімен желтоқсан оқиғасына қатысқан.

Дәл оналты жасында,
Жан адам жоқ қасында.
Қыршыныңнан қиылдың,
Қара жерге бұйырдың...

Ләззаттың анасы Алтынай естелігінде: «Алғашқыда қыздарың қатты сырқат. Тез жетіндер деген жеделхат келді- Жолға жиналып жатқанда, 24 желтоқсан күні мерт болғанын естіртті. Сүйегін Алматыдан әкелгендер қасындағы қыздармен ренжісіп, биік жатақхананың төбесінен секіріп кетіпті деді. Алматыда жастардың көтеріліп жатқанын естігем. Оның болмашы нәрсеге бола өзін-өзі мерт етті дегенге сенбедім. Табытты қоярда қоймай ашқызып қызыммен қоштасып қалғым келді- Сонда денесі дін аман, тек басының шүйде жағы ішіне кіріп кетіпті. Төбеден құласа адамның басы жарылып, денесінде дақ қалу керек еді. Ондай сырқаттың белгісі жоқ... Сот орындарына арыз беріп, қызымды ақтадым. Осының бәріне қызымның аруағы риза болсын деп өзім жүгірдім.

Сонда мен ғана емес, талай ана бақытсыздыққа ұшырады. Біреулердің балалары хабарсыз кетсе, жап-жас ұл қыздардың мүгедек болып қалғанын көрдім. Осы бір алапат құйында мен де тұлабойы тұңғышым Ләззаттан көз жазып қалдым».

Деректер бойынша осы оқиғада сотталғандар саны 100 адамнан асады. Ал олардың 22- қыздар. Оларды бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу жазасына кесіп, қара жұмысқа жіберген. Бұл алаңға барып «айыпкер» атанып сотталғандар жөні бір бөлек болды.

Ал жұмыс орнында отырып шындықты айтқаны үшін жазаланғандары қаншама...

Алматыдағы №19 жұмысшы есепшісі Нағима Салықова жұмысшы жастар орта мектебінің оқытушысы Жансая Сәбитованың осы оқиға туралы айтқан наразылығы үшін 5 жылға сотталғандығы, Алматы бас киімдер фабрикасының «алаңға баруға болмайды» деген басшылықтың тиымына қарсылық білдіріп, өз пікірінен қайтпағаны үшін үш жылғы сотталғандығы, Талдықорғандағы заң техникумының студенті, 18 жасар Анар Серкенованың мұғаліміне және облыстық партия комитетінің хатшысына Алматыдағы көтерілістің әділетті екенін қаймықпай айтқаны үшін бір жыл алты айға сотталғаны қазақ қыздарының қайсарлығын білдірсе керек. Қарап отырсақ, түк кінәлары жоқ. Кінәлары қоғамға жат ойларында, көзқарасында. Ең бастысы — шындықты батыл айта білгендерінде екені даусыз.

Сондай-ақ желтоқсан шырғалаңында жігіттерінің артынан іздеп барып, түрменің кермек дәмін бірге татып, некелерін тар қапаста қиған қазақ қыздарының



рухы асқақ. Мұндай жайлар өте көп, тек Алматы арулары ғана емес өзге өңірлерде де қыздар ерлігі жетерлік.

Айталық Қарағандылық студент Раушан Әлиева, Әлия Еркімбаева, Райса Сәрсенбекова, Шығыс Қазақстандық Гүлжан Кәрімразина, Талдықорғандық Анар Сәркенова, Мәншүк Мусина сияқты т.б. жер - жерлерде «ұлтшылдық» көзқарастары үшін жауапқа тартылды. Облыс, аудан орталықтарында, яғни барлық аймақтарда жалғасты. Желтоқсан оқиғасы еске түскенде үрей сезімдері билейді. Ақтоғай жастары туралы жеке тарауда баяндалады.

Қазақ қыздарының қайсарлығы — бүгінгі ұрпаққа сабақ. Сын сәтте ерлермен қатар тұрып, ел намысын қорғағандығы, ерлерге демеу, елдікке тіреу бола білді.


Осы дүниені дүр сілкіндірген сол үш күн ішіндегі қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым, құрмет. Елімізді екі ғасыр бойы езіп келген империяның қуатты күшін бұзып, отаралаушылардың қатаң қудалауынан құтылуды көксеген жастардың көз жасы, қаны бекерге төгілмеугі. Жастай қыршын кеткен Асанқызы Ләззаттың, Сыпатайұлы Ерболдың, Мұхаметжанқызы Сабираның, Ноғайбайұлы Қайраттың аңсаған армандары мен үміт — тілектері толығымен жүзеге асты.

Қазақ елі Тәуелсіздігін алды. Қасиетті көк туымыз Ұлы оқиға өткен қасиетті алаң үсгінде асқақ желбіреп тұр. Қасиетті алаңымызды қастерлейік, себебі ол жерде қаншама жастың қаны төгілді. Өз өмірлерінің құнымен Тәуелсіздікке қол жеткізген аға — апалар есімін мәңгі ардақтайық, құрмет тұтайық.

«Қазақтар өзгелердің үстемдігін
ешқашан мойындап көрген емес»

Әлихан Бөкейханов

Желтоқсандық Ақтоғайлықтар үні



Әуезұлы Жәлел

1966 жылы туған. Орта мектепті бітірген. 1986 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеп, Алматы зоотехникалық - мал дәрігерлік институтының 2 курсына қабылданған, яғни әскерден кейін келіп оқуын жалғастырған. 1986 жылғы Алматы қаласында желтоқсан көтерілісіне қатысып, ұйымдастырушылардың бірі ретінде ұсталған. 1987 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырып, 1988 жылы шілде айында ақталды. Кәзір Астана қаласында тұрады, балалары Манас, Арайлым, Назерке ержетті.

«Жүрегімде жазылмас жара қалды»



Жәлел Әуезұлы 16 желтоқсан 1986 жылғы болған оқиға жайлы әңгімелегенде: "Әлі есімде, желтоқсан айының 16 жұлдызы. Күндегі тіршілік. Әр студент өз шаруасымен шұғылдануда. Ымырт жабылып, дала қою қараңғылана түскен. Ұмытпасам сағат кешкі 7 - лер шамасы — ау деймін. Өзін - өзі басқару тәсілмен құрылған студенттік кеңестің мүшесі

болып сайландым. Тазалық секторын басқару маған жүктелген. Осы орайда жатақхананың және тұрғын бөлмелердің тазалығын тексеру мақсатымен вахтаға шықтым. Кезекшілік міндетін атқарып отырған жоддас жігіттің жанында 4-5 бейтаныс кісілер тұр екен. Әңгіме республика Орталық Комитетінің V Пленумының әділетсіздігі, әкімшілік әдіспен Д.А. Қонаев жоддасты қызметінен босатып, орнына Ресейдің Ульяновск облысында хатшылық қызмет атқарған Г.В. Колбинді сайлағандығы турасынан өрбіген еді.

Жастық жалынның мақсаты бір болғаннан кейін, оның жолы да бір еді. Жастықтың жалыны ма, әлде "орыс" ағамыз ренжіте — ренжіте ұшынған жараның аузын тырнап алды ма? Мүмкін шеру құрып, наразылығымызды айтсақ, әділетке бет бұра ма? — деген оймен 17 —сі күні Брежнев атындағы алаңға жиналатын болып шештік. Әрбір бөлмелердің тазалығын тексеріп, ішіндегілерге ертең болатын бейбіт шеруден құлаққағыс ете жүрдім. Ол кезе мен дәл "осы белсенділігім" екі күн өтпей — ақ өз басыма

ғана емес, ата — анамның, аға — бауырларымның тағдырына қасырет болып жабысатынын сезгем жоқ.

Міне, осылай таңғы сағат 8 — дің кезінде біз алаңға жинала бастадық. Көңіл күй көтеріңкі. Арам пиғыл жоқ. Қазақстанның жұмысшы жастары, студенттері, оқушылары, ой басқарып отырған ағаларынан халықтың алдына шығып V Пленумының шешімін түсіндіріп беруін сұрап, аландаушылық білдіруде. Біздің талабымызға құлақ түрер жан жоқ. Қайта үкімет басшылары қарулы күш жинап, ішкі — істер, ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерін алаңға топтастыра бастады.

Алаңдағы халықтың саны көбейе берді. Үкімет басшыларынан нәтиже болмағандықтан, жастармен әр жерде топтасқан ішкі қызметкерлерінің арасында сұхбат жүре бастады. Кейбіреулері түсініп, көпшілігі "тарандар, арты жақсы болмайды" — деп өздерінің жасырын ойларынан сыр беріп те қалды.

Әрине, шешінген — судан тайынбас деген. Арты не болды екен деп алаңнан кетпедік. Иә, арты не болды? Үкімет тарапынан адам айтуға ауыз бармайтын айуандық болды. Сол кездегі мемлекет басшылығында отырғандар өздерінің халқына жаны ашымайтындығын көрсетті. Қазір ойлаймын Мәскеудің бұйрығын орындау үшін отырған бос кеуде, шабармандар екен ғой. Алаңға әділдік іздеп, сеніммен бейбіт шеру құрған халыққа қарулы күш көрсетіп, ит айтақтады. Жазықсыз жәбірлеп, желтоқсанның аязында суық су шашып, жығылғанын тұрмайтындай етіп, сапер күрегімен ұрды. Қолға түскен ұл — қыздары, жас — кәрісіне қарамай ұрып соқты. Ол аз болғандай, шешіндіріп қарға жатқыздырды, маскаралап, фашистердің жасаған озбырлығын қайталады.

Олардың бұл қылықтарынан тірі қалса да ұрпак

келтіре алмайтындай етейік деген арам пиғыл көрініп тұрды. Өз халқына осындай озбырлық жасау, тарихта ешбір мемлекетте болмаған шығар. Бұл айуандық 3 күнге созылды. Осылай 70 жыл құдайға сендірмей, өзіне сендірген коммунистік партиямыз, үкіметіміз бүркеніштері шешіліп, беттері ашылғанын байқамай қалды. Халық қашанда әділдікті жақтайды, Отанын сүйеді, болашаққа деген дұрыс бағытын көргісі келеді.

Тіпті болмаған соң алаңға шыққан жастарға ашықтан ашық жала жапты", - деп терең толғана айтты.

1987 жылы 19 күні сот процесі басталып, 6 күнге созылды, 5 жылға бас бостандығынан айырды. Жазасын күшейтілген тәртіппен түзеу колониясына жіберді. Оған тағылған айып: " Ленин идеясы жасасын! ", "Әр ұлтқа өз басшысы" деген плакат көтеріп шыққан, 16 автомашина өртеп, 152-сін қиратуға қатысқан, 302 мың сом зиян келтірген, адамдардың денесіне таңба салған деп қарастырылған еді.

Жазаның ауыры ауылдағы ата — ана, бауырларын да қоса жазалауы болды. Әкесі Әуез Исбекұлы халыққа қадірлі, ел басқарған, совхоз директоры, ауыл шаруашылығы басқарма бастығы болған "Құрмет белгісі" және "Еңбек Қызыл Ту" орденді азамат еді. Әкесі іргесін қалаған "Абай" совхозының директоры қызметінен босатып, жұмыссыз қалдырды. Қудалау мақсаты баласы желтоқсан оқиғасына қатысқан деп кінә тақты.

Сонымен бірге туған ағасы Даниял Әуезұлы да Жезқазған облысы, Приозерный аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызмегін атқарып отырғанда, "інін ұлтшыл, тәртіпсіздікті ұйымдастырушы" деп қудалап, басқа жерге көшіп кетуге мәжбүр болды.

Мұндай қудалау желтоқсан ~~оқи~~ғасына қатысқан жастардың барлығының ата — ~~ана~~ларының, туған — туыстарының басында болды.

Уақыт бәріне емші, төреші болды. 1988 жылы шілде айында Ж.Әуезұлы ақталды. 1990 жылы әкесі мен ағасын жұмысқа шақырды. Әкесі кейіннен Тоқырауын ауданы, Айыртас ауылының әкімі қызметін атқарды. 1996 жылы 59 жасында қайтыс болды. Ағасы қазір Шашубай кентінде тұрады, әкім қызметін атқарып отыр.

Шындық женді, бірақ жүректе ұмытылмас белгі қалды. **Суретте: әкесі Ә. Исбеков.**



«Орталық, Қазақстан» газеті, 16. 12. 2004 жыл.

О. Жүнісұлы «Орталық, Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі.

Болатбек Төлепбергеннің «Касиетім — Желтоқсан» (2016 ж) атты үлкен зерттеу еңбегінде желтоқсанда ерлік жасаған азаматтар тізімінде 247 бетте Ж. Әуезов түр.

Сонымен бірге осы мақала «Тоқырауын тынысы» газетінде де Ж.Әуезұлының ерлігі жарияланды.

Жолдасова Айнұр Аманбекқызы

1968 жылы Ақтоғайда туған. 1968 жылы М.Горький атындағы мектепті "Күміс" белгімен ойдағыдай өте жақсы бітірген. 1986 жылы Қарағанды қаласындағы есеп - кредит техникумына түскен.



1986 жылы Қарағандыда желтоқсан оқиғасына студент жастармен бірге қатысқан. Олар Қарағанды қаласындағы Жамбыл көшесі бойындағы тергеу изоляторында болып, айдан аса тергеу мен тексеру жүргізген.

Ақырында желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін комсомол қатарынан шығарылған.

Қазір Айнұр Ақтоғайда тұрады. Ақтоғай ауданы әкімшілік жанындағы құрылыс бөлімінің бас маманы, бас есепшісі болып жауапты қызмет атқарады. Жолдасы Нұржан Болбақов Нәсірұлы, балалары Нариман мен Назым жоғарғы білім алып, жақсы азаматтар болды.

Желтоқсан ызғарына шарпылған

Аудандық "Тоқырауын тынысы" газетінде Айнұр туралы 2005 жылы арнаулы бет әзірленген, онда «Желтоқсан ызғарына шарпылған» атты мақаламен толық танысуға болады.

Сонау 1986 жылғы желтоқсанның 16 — 17 — 18 — дерінде алаңға шыққан жастарының шеруі «ұлтшыл экстеремистік» деген баға алып, сол ызғарлы күндер көптеген жастарымыздың басына кара бүлт үйірді. Алматыдағы бұл шеру Қарағанды, Жезқазғанда да студент — жастардың жаппай алаңға шығуына ұласты.

Айнұр Омарбайқызы Жолдасова сол желтоқсан ызғарына шарпылған жастардың бірі. Айнұрдың орта мектепті үздік аттестатпен бітіріп өмірге құлаш ұрған күндердің бірінде мемлекеттік сынақты үздік тапсырғанына куә болған едім. Сол кезде ол аудандық газетке мақала жазып, көзге түсіп жүрді. Бірде ол

«Тәте, сіз менен журналист шығады деп ойлайсыз ба?» деп төтесінен сұрақ қойғаны бар. Жанары ұшқын атқан жігерлі Айнұрдың батылдығына іштей сүйсіндім. Бәлкі, сол батылдығы шығар оны желтоқсанның ызғарлы күндерінде алаңға шығарған. Сол күндерді Айнұр былайша еске алады:

Қазақтың ұлтжанды жастарының Алматыда болған желтоқсан оқиғасының жаңғырығы Қарағандыға да жетті. Біздер, қарағандылық студент — жастар бұл мәселе жөнінде өз ортамызда ақыл қосып, Алматыдағы құрбыларымыздың бейбіт шеруін колдап, әділдік аңсап, алаңға да шықтық.

Сақылдаған аязды желтоқсанның ызғарлы күндері әлі есімде. Біздің жатақханаларымыз мұғалімдеріміздің қырағы бақылауына алынды. Тіпті, түнімен ұйықтамай күзетіп шықты десе болады. Алайда, біз де өз қулығымызды асырып, таң ата жатақханадан қашып, алаңға келдік. Еліміздің бостандығын, Елбасына өз ұлтымыздан шыққан азамат келуі қажеттігін жазып алған ұран — плакаттарымыз жеткілікті. Әділдік сұрап өз үнімізді жеткізуге тырыстық. Алайда, біздің шырқыраған үнімізге құлақ асқысы келмеді. Қайта тығылып келіп суретке түсіріп әкетіп жатты. Кешікпей мұздай қаруланған тәртіп сақшылары өрт сөндіретін автокөліктерді және темір торлы жабық машиналармен, автобустармен аланды қоршап, бізді шығармауға тырысты. Өрт сөндіретін машиналар су шашып, үстіміз малмандай су болды. Менің қасымда жерлесім Қаппарова Алмагүл бар. Іштей біздің үнімізге құлақ аспаған ел ағаларына ызаланған, сырттан желтоқсанның ызғары қарып, жанымызға күйзелді Темір таяқшамен қаруланған тәртіп сақшылары аландағы жастарға лап қойды. Олардан қашып, таяқ тиюден қорғанып, көше бойлап, қаша бердік. Мен

оқитын топтан он шақты қыздар мен жігіттер аланда қатар тұрғанбыз. Ақыры қуғыншылардан қашып құтылмасымызды сезіп, жолай кезіккен тұрғын үйдің бірінің подъезіне келіп кірдік. Жағалай шырыддып, есік қағып жүрміз. Алайда, бұл жерде де ешкімнен қорғаныш таппадық. Пәтерлер есігін ашпайды.

Күдерімізді үзіп, сыртқа шыққанымыз сол, соңымыздан қуғандарда машиналарын есікке тіреп, күтіп тұр екен. Бәрімізді топырлатып, машиналарға тиеді де, Жамбыл көшесіндегі уақытша ұстау изоляторына әкеліп қамады. Осы арада суретке түсіріп, саусақ бедерімізді алды, әрқайсымызға түсінік жазғызып, ертеңгісі түс ауа зорға босатты.

Сол күннен бастап біз үшін әуре — сарсаң басталды. Өзім мектепте, одан топта комсомол жетекшісі болатынмын. Комсомол, қатарынан шығарып, билетімді алған кездегі жылағаным әлі есімде. Кінәсіз екенімізді айтып, институт комсомол ұйымына апелляция жазудан шаршадық. Менің алаңға шығуым өзіме ғана емес, отбасыма да көп зардабын тигізді. Әкем партия ардагері, ағамда партия мүшесі еді. Кезек — кезек аудандық партия комитетінің бюросына шақырып, оларды әуреке салғандарын кейінде естідім. Ал, анамның күйзелісі тіпті жанымды қинады.

Желтоқсан ызғарына шарпылған, сөйтіп сабағынан ерте үзілген Ләззат, Қайрат, Сабира, Ерболдардың шеккен жапасы басқа да жастардың басында бодды. Әлі күнге сол ызғарлы күндерді ойласам, көңілім құлазып, іштей мұжылып қаламын. Дегенмен уақыт ол күндерге өзінің бағасын берді. Әділет жеңіп, желтоқсан куәгерлері басына түскен қиындықтардан арылды. Соның бірі менде артта қалған ауыр күндердің куәгері болып қиянат шексем де, бүгінде біздің әділдік үшін алаңға шыққанымызды өмірдің өзі ақтап алғанына бір

жағынан қуанамын.

Айнұр Жолдасова 1988 жылы Қарағанды есеп — кредит техникумын бітіргеннен кейін банк жүйесінде кредит инспекторы болып қызмет жасады.

Иә, желтоқсан ызғары тондырған қазақ жастарының арманы жүзеге асты. Бүгінде тәуелсіздік Қазақстан сол жастардың айтып жеткізе алмаған егемендігіне қол жеткізіп, өркениет көшінің басында келеді.

С. Нұржанова.


Құлпейісов Қажықан Ізбасарұлы

1964 жылы Қызыларайда туған. Орта мектепті Сарытерек орта мектебінен бітірген. Азаматтық әскери борышын өтегеннен кейін, 1985 жылы Алматы қаласындағы құрылыс техникумына түскен. Алматыда жастармен бірге желтоқсан оқиғасына қатысқан.

Қазір Қажықан Шахтинск қаласында тұрады. Сонда шахтер болып еңбек етеді. Еңбек озаты. Балалары Перизат жоғары білім алып жақсы

маман болса, Гүлім, Шарапат өсіп келеді. Раяна атты немересі бар

Ол әңгімесінде: «1986 жылы Алматыда желтоқсан оқиғасына қатысқан жастармен бірге алаңға келіп үлкен шеруге қосылған. Осы кезде мұздай қаруланған жасақшылардың резеңке келтеппен ұрғанын, айбарлы



иттердің арсылын, су атқылағыштардың мұздай суық суын, сапер күректерді пайдаланып ұрып — соғудың бәрін бастан кешті. Қажықан жараланды, қолы сынды, қан іздерін көрді. "Бізді алаңнан ұстап алып, бес машинаға адамдарды (жастарды ұрып — соғып) тиеп алып, Алматы қаласынан 18 шақырым қашықтықтағы жерге (Қапшағайға қарай) апарып төкті. Зорға ес жиып, үстіміздегі киім су болғандықтан қатып қалған, жүре алғандарымыз бір — бірімізге көмектесіп, әйтеуір қалаға ертеңіне жеттік... Екі — үш күннен соң қолым ісіп кетіп шыдатпаған соң дәргерге бардым, қолым сынған екен, сол жерде ұстап әкетіп, тергеу, тексеру басталды", - деп ауыр күрсініп зорға еске алады.

1997 жылы аудандық "Арқа еңбеккері" газетінде Қажықанның ақталғандығы жөнінде жарияланған мақала шықты.

1986. Колбин келген жыл еді...

Тегеурінді тексерулер басталды. Тіддеп, қорлау. Оған тағылған айып "Ұлтшыл" деп қыспаққа алды. Қажықан мұның бәрін бастан кешті. Қанша қыспаққа алса да естігендері:

Біз қазақ жастары "өлі жандар" емеспіз. "Бармыз, Тіріміз, Азаматтық, Адамдық құқымызды, ар намысымызды аяқ асты еткіміз келмейді". - деп ұлылық үлгісін танытты.

Ол терең күрсінді де: «Мені желтоқсан зобалаңынан құтқарып, тас түрмеден аман қалуыма жанашыр болған Тілеген Айтжанов ағама деген алғысымды қалай жеткізерімді білмедім. Егер мүмкіндік болса...

Мүмкіндік бар, Қажықан! Қарғыс айтпасак та, алғыс айтудан қажыған ел емеспіз, -дедім мен. Дедім

де мына жыр жолдарын қағазға түсірдім:

Колбиншылап азуын білегендер,
Ардың соты соттайды! Түрегендер!
Ұлт намысын сатпаймыз жатымызға,
Аман болса, Қажықан, Тілегендер!
Пасық кеуде — қашан да пасық кеуде,
Ол кеудемен көк жүзін тіремендер!
Жырдан алғыс тағындар мәңгілікке,
Құдайдан Тілегенді тілегендер!

Қажықан осы азаптан, тас түрмеден аман қалуына жан ашыр болған Тілеген Айтжанов деген ел азаматының арқасында аман құтылды.

Ол да бір заман еді. Бірақ тарих беттеріне алтын әріппен жазылған желтоқсан оқиғасын ұмытуға болмайтын тарихи кезең болды.

Ү. Жармағанбетов.

«Арқа еңбеккері» газеті, 15 желтоқсан 1996 жыл

Бәкеев Әлібай Қалибекұлы

3 желтоқсан 1964 жылы Балқаш қаласының Қоңырат кенішінде жұмысшы отбасында туған. Қоңырат кенішіндегі №25 Ы. Алтынсарин атындағы кдзақ орта мектебін 1982 жылы өте жақсы аяқтаған. 1982 жылы күзде Қарағанды мемлекеттік медициналық институттың санитарлық — гигиеналық факультетіне оқуға түскен. 1991 — 1992 жылдар аралығында Балқаш қалалық СЭС- інде интернатурадан өтіп, 1992 — 1997 жыл аралығында Приозерный,



кейін Тоқырауын деп аталатын аудандық СЭС-те дәргер-эпидемиолог, бөлім меңгерушісі, 08. 1997 жылдан Ақтоғай ауданымен бірігіп реорганизация кезінде 07. 2003 — 2007 ж. аралығында Ақтоғай аудандық санитарлық — эпидемиологиялық сараптау орталығының меңгерушісі, жетекші маманы, бөлім бастығы қызметтерін атқарған. 2007 жылдың шідде айынан бастап Балқаш қалалық мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасында қызметін жалғастырып келеді.

Желтоқсан жаңғырығы

1986 жылы желтоқсан ызғарына қарамастан, намысты қолдан бермеген қазақ жастарының қатары ауданымызда да көптеп саналады.

Сондай ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсеткен желтоқсандық азаматтың бірі, жерлесіміз — Бәкеев Әлібай Қалибекұлы.

Желтоқсан оқиғасы Алматыдан кейін Қарағанды қаласында жалғасын тапты. Сол кездегі жағдай туралы Әлібай әңгімесінде:

-«Қарағанды жастары сияқты бізде «обком» алдына әділдік іздеп, бейбіт талаптарымызды қоюға барған едік. Жастарға қарағанда аланда қызыл жағалы милиция қызметкерлері, «дружинниктер» көп болды. Біздің бейбіт талабымызды пысықрмай, түсіндіру жұмысын алаңға шығып жүргізбестен, әй — шәй жоқ қара көз қарындастарымызды әлгілер шаштарынан сүйрей бастады. Осындайда кеудесінде намысы бар қазақ жігіттері қарап тұра алмадық. Араша түсіп алысып жүргенде қолға түсіп РОВД-ның бірінде екі күнге жуық қамалып, тексерілдік.

Жиналыстан, жиналыс... Комсомоддан қуылдық. 1986 жылдың 31 желтоқсан күні қатаң сөгіске ұшырадық. 1987 жылдың 9-шы қаңтарында аддыңғы бұйрық өзгертіліп, «за антиобщественные выступления и действия» деген желеумен институттан шығарылдық. Бірінші курсы бар, 6-шы курсы бар т. с.с. барлығы біздің ғана институттан 60-тай адам қуылды.

Ал әкем Қалибек өмірінің 44 жылын Қоңырат кенішінде жұмыс істеген, партия мүшесі, 1964 — 1968 жылдар арасында поссовет төрағасы болған. Сол кезде кеніш клубында өткен партия жиналысында «халық жауын» тәрбиелегенге келтіріп талқылаған. Сонда әкем: «Бір ағаттық болған екен, бәрібір ертең тарих бәрін де орнына қояды. Менің партбилетім керек болса - мінеки» - деп жиналыстың артын күтпестен шығып кетіпті. Осыны көзі көрген қатарластары кәзірге дейін айтады.

1987 — 1989 жыл аралығында әскер қатарында қызмет атқардым. 1988 жылы мен әскерде жүргенде институтқа әкемді шақырып, әскерден келген соң оқуын жалғастырсын деп тілек айтыпты. Сол сияқты барлық институттан қуылғандарды да шақырған. Әкем 1992 жылы дүниеден озды» -деп баяндап берді.

Сөйтіп, қайтадан 1989 - 1991 жыл аралығында 5, 6 курстарды ойдағыдай аяқтап, дәргер мамандығын алған.

«Тоқырауын тынысы» газеті, 22. 08. 2001 жылғы санында «Желтоқсан жаңғырығы» тақырыбында жазған мақаласынан. Ш.Шубай қолысы.

**«Тоқырауын тынысы» газеті, 3 бет, 13. 01. 2012 жылғы санында «Ақиқат түбінде жеңді» тақырыбында жазған мақала жазылды.
(Өлкетанушы ұстаз Т. Ақпанбаева)**

Нұрмағанбетова Жанат Елубайқызы



1952 жылы туған. Ақтоғай орталығындағы орыс орта мектебінде оқыған. Қарағанды мемлекеттік университетінің орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген.

Аудан мектептерінде мұғалім, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып еңбек етті. Жезқазған қаласындағы облыстық кәсіптік білім беру басқармасында, заң орынында облыстық ішкі істер басқармасының кадрлар бөлімінде аға инспектор болып жұмыс істеді.

Жанат Елубайқызы Ақтоғайдың қарапайым қызы. Жолдасы Әбдіғалым екеуі Жезқазған қаласында тұрады. Ынтымаған жарасқан отбасы, балалары Расул, Жанболат, Ғалымжан әр салада еңбек етеді. Келіні Тоғжан Астанада заң қызметкері, Абай атты немересі өсіп келеді.

“Желтоқсан лебі Жезқазғанда

"Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы" (авторлары К. Жолдыбай, С. Қожамсейітов) "Желтоқсан лебі Жезқазғанда" деген мақалада:

... Желтоқсанның дауылды күндері ел аузынан түспеген бір қазақ келіншегі болды. Желтоқсанның 19 - ші жұлдызында Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының кадрлар бөлімінің аға инспекторы Жанат Елубайқызы ішкі істер басқармасы кеңсесінің алдынан карасы үлкен студенттер тобы өтіп бара

жатқанда бір әдепсіз "Ұлы халық" өкілі әріптесінің шымбайына батқан сөз айтса керек...

Қаршадай қазақ қызы ұлтын қорлап, өшпенділікпен айтқан бейпіл ауызға ешбір бұлтасыз, тура, саикалы жауап берген — ді.

Бұл әңгіме бірнеше минуттан кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармасына және облыстық партия комитетіне белгілі болды. Сол күні милиция қызметкерінің "Ұлтшылдық" әрекетін ізін суытпай, шұғыл тексеруге кірісті.

Коммунист Жанат Елубайқызының жеке ісін партия жиналысында қаратып, арасына күн салмай қалалық партия комитетінің бюросында қараған. Оған есеп карточкасына жазылып, қатаң сөгіс жариялап, Ішкі Істер Министрлігі саласынан жұмыстан босату ұйғарылды.

Тумысынан жалғандыққа жаны қас, білімді, өжет Жанат 6 ай бойы арызданып, ақыры шындық шегіне жетті.

Кейіннен бұрынғы Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының секретариатын басқарды. Подполковник шенін алды. Отставкаға шықты. Кейіннен кездесіп әңгімелескенімізде Жанат: - Ешқандай ерекше ерлік жасаған жоқпын. Ұлтыма қорлық ноктасын кигізген сасық кеудеге істің мәнісін түсіндірдім. Менің орнымда сіздерде осылай жасар едіңіздер, - деді ол шын көңілден қарапайым қалыппен. Ал, желтоқсанның суық күндері оқалы погон таққан жігіттердің бірқатары ұлтын масқаралап, қыз - жігіттерді қанға бояп жатқанда қол ұшын бермек түгіл, бір ауыз сөз айтуға ерін — жігер жетпегені шындық еді

Таханова (Абдрахманова) Ардақ Мұхамедбекқызы



Ардақ Мұхамедбекқызы 1959 жылы 20 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында туған.

1979 жылы Алматы шетел тілдері институтының (АПИИЯ) неміс тілі факультетін бітірген. 2006 жылы Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін сырттай бітірген.

1979 жылдан бастап Қоңырат совхозына қарасты Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепте неміс тілі пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастаған.

Ол өз сөзінде: «1982 жылы КПСС қатарына өттім. Ал 1984 жылы мектеп бастауыш партия ұйымының хатшысы болып сайландым. 1986 жылы желтоқсан оқиғасы болатын жылы желтоқсанның 17 немесе 18і анық есімде жоқ. Үкімет басына Колбиннің келуіне байланысты халықты тыныштандырып басуға жер-жерлерде жиналыстар өткізіле бастады. Жиналысқа Қоңырат совхозының барлық фермаларынан, совхоздың өз басының мекемелерінен, совхоз активтері қатыстырылды. Жиналысты Ақтоғай аудандық партия ұйымының хатшысы басқарды. Менен басқа сөз сөйлеушілерге совхоздың партия ұйымының хатшысы не айту керек екенін өзі көрсетіп, жазып беріп жатты. Мен өзім мектеп бастауыш партия ұйымының хатшысы болғандықтан, маған өзім сөйлеуге сенім білдірді-

«Үкімет өзі өмір сүрген 70 жылдың ішінде неге ұлттық кадр дайындалмаған?» - деуім мұң екен залдағы халық шу етіп орнынан тұрып кеткенде, хатшы ананы кім шығарған? Түс!" - деп айқайлап жіберді.

Сол күннен бастап менен маза кетті, күнде Ақтоғайға райкомға шақырып жауап алады. Ақтоғайға жұмыскер таситын автобус жүреді ол кезде, мен сол автобусты мінсем, адамдар маған халық жауы ретінде қарағандары соншалық, автобуста менің қасыма отырмаған жағдайлар болды. Күнде тексеріс, бастауыш партия ұйымының қағаздарын күнде тексереді. Аудандық оқу бөлімінен саяси сауаттылығымды тексеріп, аттестациядан аудандық оқу бөлімінде комиссия қарап, мені аттестациядан өткізбей тастады. Сол жылы біздің мектеп директоры мені облыстық кәсіподақтар ұйымының грамотасына ұсынып отырған болатын, мен грамота түгілі басыммен қайғы болып кеттім. Бастауыш партия ұйымының қағаздарын тексеріп, анау да дұрыс емес, мынау да дұрыс емес деп есептен шығарды. Ең соңында партбюроға салып, ел ішінде болғандықтан әйтеуір көп әурелеп қойды. Міне, желтоқсандағы оқиғаға байланысты алыс ауылда отырып осындай қудалау көрдім. Ал жазықсыз ауылдағы ата — аналарын қаладағы студент балалары үшін дұрыс тәрбие берілмеген деп жиналысқа салып, қудалағандары да болды» деп еске алады.

1995 жылы отбасы жағдайымен Саран қаласына көшіп кеткен. 1997 жылғы ақпан айында Абай атындағы Саран педагогикалық училищесіне оқытушы болып жұмысқа орналасқан. Қазір біздің оқу орны Абай атындағы Саран гуманитарлы техникалық колледжі деп аталады. Онда қазақ бөлімінің жоғары санатты неміс тілі, ал технологиялық бөлімнің қазақ тілі оқытушысы болып еңбек етеді. Колледжде қазақ

бөлімінің кәсіподақ ұйымының жетекшісі болып қоғамдық жұмыс атқарды.

Облыстық кәсіподақтар ұйымының бірнеше грамоталарымен, Облыстық білім бөлімінің грамотасымен марапатталған.

Ардақтың анасы Дәме мектеп асханасында еңбек ете жүріп, балаларын ададыққа, тазалыққа, еңбекқор етіп тәрбиелегенін көзіміз көрді.

Жоддасы Абдрахманов Исбек, 4 баласы бар. Ұддары Қайрат, Ернар, Асхат және қызы Әйгерім ер жетіп, жақсы азаматтар болып өсіп келеді.

Қаппарова Алмагүл Амантай қызы



1965 жылы Ақтоғайда туған. Аудан орталығындағы М. Горький атындағы орта мектепті (қазіргі Ә. Бөкейхан атындағы мектеп) бітірген соң, Қарағанды қаласындағы Е. А. Букетов атындағы мемлекеттік Университеттің физика — математика факультетін бітірген.

1986 жылы Қарағандыда болған желтоқсан оқиғасына қала студент жастарымен бірге қатысқан.

Сол үшін комсомол қатарынан шығарылған.

Әкесі Амантай мен анасы Майра үлгілі отбасы еді.

Қазіргі кезде Қарағанды қаласында тұрады, автовокзадда жауапты қызмет атқарады. Еңбек озаты.

Қалиақасов Саят Қаламанұлы

1959 жылы Ақтоғайда туған. 1978 жылы аудан орталығындағы М. Горький атындағы орта мектепті (қазіргі Ә. Бөкейхан атындағы мектеп) бітірген. 1982 жылы Е. А. Букетов атындағы мемлекеттік Университеттің экономика факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы бітірген.



Ол өз сөзінде: 1986 жылы желтоқсан айында Жезқазған қаласында практикада болып, 18 желтоқсан 1986 жылы самолетпен Қарағандыға ұшып келіп, жатаханаға келсем ешкім жоқ. Бірақ стол үстінде бір парак қағаз жатыр. Қағазда: С. Сейфуллин театрына кел, біз сондамыз деген жазу жазып кетіпті. Сол беті театрға барсам халық өте көп, сөз сөйлеп жатыр. Жиналыс аяқталған соң обкомға тарттық. Обкомға милициялар жібермеді, қақтығыстар болды, ұстап алды...

Қазір Саят Ақтоғайда тұрады, зайыбы Жанат Құлпейісова, балалары Бейбарыс пен Мәдина жоғары білімді азаматтар.

Қойшыбаев Мейір Шынарбекұлы

1986 жылы 16 желтоқсандағы Алматыдағы Үкімет үйінің алдындағы алаңға шыққан жастардың көтерілісіне алғашқы болып үн



коскандардың бірі Қарағандыдағы жоғарғы оқу орнының студенттері еді. Олардың ішінде біздің ауданның қыз — жігіттері де болды. Солардың бірі Қызыларай ауылының тумасы Мейір Шынарбекұлы Қойшыбаев туралы ауданымыздағы белгілі өлкетанушы, ардагер ұстаз Торғай Ақпанбаева төмендегі деректерді «Желтоқсан оқиғасына – 30 жыл» кезінде аудандық газетке ұсынып еді.

Жүрекке қаяу салған жаралы жылдар

Қызыларайда ұзақ жыл ауыл шаруашылық саласында еңбек еткен тыл және еңбек ардагері Мейірдің әкесі Шынарбек Қойшыбаев әңгімесінде: «Мейір отбасындағы жеті баланың бірі. Желтоқсан оқиғасына қатысты деп қудалауға түсіп жатқандардың ішінде балам және оның досы Боташ Дайыров та болыпты. Мейірдің оқудан шығарылғанын мен Шет ауданының «Просторный» совхозынан Қызыларайға шөп жөнелтіп жүргенде естідім. Сол кезде біздің өңірде 25-30 мыңдай қой қыстатылатын. Осыншама малды қыстан аман алып шығуға жер көлемі көтермейтінін біліп жүрсек те, қылтиып шыққан шөпті де, шөмшекті де мал азығына дайындауға тура кедді-

Жайсыз хабар жанымды жай таптырмай, Мейірді университетте қалдыру жөніндегі көлемді өтінішімді алып, облыстық партия комитетіне бардым. 1987 жылдың 9-шы қаңтарында баламды бұйрықпен оқудан шығарып жіберіпті. Обкомның екінші хатшысы Қалмағанбетов Жалел Шубаевич деген қазақ азаматынан басқа ешкім болмады. Өтінішімді алып кіріп, оқып болуын күтіп отырдым. Олай болса: «Мен

өтінішіңізге бұрыштама соғып, ректорға жібергеннен ештеңе шықпайды. Орындалатын жұмыс емес» - деп маған аса ыңғай бере қоймады.

Әрине, обком алдына жиналған жастарды милиция жасақтары арқасынан қаққан жоқ қой. Жағадан алып, желкелегенін көрмеді дейсің бе? Қыздардың шашын ұстап, сүйрелеп автобуска тиеген. «Қыздардың бұрымын қолына орап алып, ұрып соққанын көрдім. Алысып жүріп, тайып жығылған қыздарды тепкілегендерін де көрдім» деп «Орталық Қазақстан» газетіне Зарқын Тайшыбайдың жазғанын оқыған едім. Кейін білгенімдей, автобуска тиеген жастарды «Құрлысшылар» клуб үйіне апарып, түсінік алған. Мейір де өз түсінігін қазақша жазып келіп, «біз алаңға долой Колбин» деп шықтық дейді. Осының өзі аспаннан түскендей оқиға емес пе?

«Жаппай тәртіпсіздік, бұзақылық, орыс халқына қарсы шығу» деп бағалаған бұл толқу еліміздің барлық өңірінде жан — жақты талқыланып жатты. Ол кездегі ауданның бірінші хатшысы біздің совхозда да жиналыс ашып, «Жетпіс жылдай сыртқы жауларға соққы беріп, дүние жүзіне сес көрсетіп отырған Совет өкіметі бұзақы жастар алаңға шыкса, құлап қалады дей ме екен? Совет өкіметіне ешкімнің тісі батпайды. Ол бейбітшілік тірегі (сол уақытта біздің жастар Ауғанстанда соғысып жатты). Балаларына дұрыс тәрбие бере алмаған, өсек — аяңға бейім ата-аналардың балалары ғана алаңға шықты» депті. Осы жиналысқа қатысқан марқұм жұбайымның жылап келгені қабырғама қатты батты.

«Оқудың бір жөні бола жатар, сен бос жүрме, ауылға қайт» дегеніме балам: «Ауылға бармаймын, онда не демекпін?» деп қайтпады. Енді оны қалада жұмысқа орналастыру үлкен мәселеге айналды. Еш жер жұмысқа қабылдағысы келмейді. Вокзалдың

қасындағы аяқ киім фабрикасы «істегісі келсе ұлтан жонатын цехта ұлан жонсын» деген соң күзге дейін сонда жұмыс істеп, 1987 жылдын күзінде армияға кетті. Әскери борышын Тәжікстан астанасы Душанбеде өтеді. Бұл Ауғанстан шекарасына жақын жер, ол да бізге уайым болды. Әйтеуір аман есен оралды. Желтоқсан оқиғасына қатысқандар ақталған соң, 1995 жылы Мейір Қарағанды мемлекеттік университетіндегі оқуын қайта жалғастырды. Оқуын бітіріп, қаладағы №57 мектепте жұмыс істеді. 1997 жылдан бастап қылмыстық атқару жүйесінде қызмет етті». Талай жылғы армандаған тәуелсіздікке жол ашқан сонау 1986 жылғы желтоқсан дүрбелені осылайша Мейірдің жас өміріне қаяу салып, тағдыр теперішін басынан кешті. Бірақ мойымаған. Әйтеуір күндердің күнінде өзі секілді мындаған өрімдей жастардың шырылдап, «азаттық» деп алаңға шығуы кезінде теріс бұрмаланып көрсетілсе де, сол әділетсіздік ақиқатқа айналды. Қарапайым ауыл еңбеккерінің отбасындағы Мейірдің басынан өткен бұл зобалаң әрине, отбасына оңайға тимеді. Бүгінде оның бәрі ұмытылды деу қиын.

Мейір Шынарбекұлы 2015 жылдан бастап зейнет демалысына шықты. Жұбайы Ләззат та жоғары санатты, математика пәні мұғалімі, үш бала тәрбиелеп өсіруде.

Сәбила НҰРЖАНОВА

«Тоқырауын тынысы» газеті,

9 желтоқсан 2016 ж.

Болатбек Күлтебайұлы Стамкүлов

1965 жылы Ақтоғайда туған. Аудан орталығындағы М. Горкий атындағы мектепті бітірген. 1985 жылы Алматы қаласындағы энерго — строительный техникумға электрик - құрылысшы мамандығы бойынша қабылднған.

1986 жылы Алматыдағы желтоқсан оқиғасына қатысқан.

Желтоқсан қаһарманы **Кдірат Рысқұлбековпен** бірге оқып, бір бөлмеде бірге жатқан, алаңға да бірге барған.

Болатбек әкесі Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер Күлтебай, анасы аудан халқы құрметтеген адамдар еді, өзі Ақтоғайда тұрады. Балалары Ағыбай Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген, Ақши орта мектебінде директордың орынбасары қызметін атқарса, ал Асылхан Саран колледжін және Павлодардан медресе бітірген, Ақгүл — жоғары білім алған, тұрмыста, ағылшын тілі мұғалімі, үшеуі де үлгілі еңбек етуде.



Желтоқсан ерлік тарихымыз

Айман Советқызы Нығметоллина

08.07. 1969 жылы туған. 1976 жылы Ақтоғай селосындағы орыс орта мектепке алғаш барып, мектепті 1986 жылы бітірген жылы Жезқазған политехникалық институтының Өнеркәсіптік және



азаматтық құрылыс факультетіне жоғары оқу орнына түскен. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан. Себебі — Қазақстанға бейтаныс адамды басшы етіп тағайындаған Мәскеудің шешіміне қарсылықты билікке бейбіт шеру арқылы жеткізу болды Орталық аланда студент жастармен бірге болғанда, милиция қызметкерлері ұстап, тергеу, тексеруге ұшыраған. Ол үшін институт комсомол комитетінде тәртібін қарап, бас жұмысына жазып сөгіс берген. Институтты инженер — құрлысшы мамандығы бойынша бітірген. 1991 жылы оқуды ойдағыдай аяқтап, Ақтоғай селосына жолдамамен келіп, мамандығы бойынша инженер - экономист болып, сондай-ақ Ақтоғай аудандық әкімшілікте референттен бастап аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінде экономика сектор меңгерушісіне дейін түрлі қызметтер атқарды. Кәзіргі уақытта Астана қаласында тұрады. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде басқарма басшысы қызметін атқарады.

Ата - анасы Совет пен Шайза Ақтоғай ауданына белгілі үлгілі ұстаздар еді. Жоддасы Құрманғазы Омашев Желтоқсан оқиғасына қатысушы. Үш бала тәрбиелеп ержеткізген, үш немересі өсіп келеді. Ұлы Нұрай программист, өз саласында білікті маман, қызы Шырай Жер кадастры бас маман, Арай қызы жоғары оқу орнында оқиды.

Сергелден

Биыл Желтоқсан оқиғасына 10 жыл толып отыр. Сол кездегі ызғарлы күн жүректерге жазылмастай жара салды. Бүкіл болмысы тарих бетіне қашалып жазылды. 1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Алматыда және

жекелеген облыс орталықтарында жұмысшы, оқушы және студент жастар Орталықтың үстемдігіне қарсылықтарын білдіріп, демократиялық көңіл күйде шеруге шыққан болатын. Желтоқсан оқиғалары кезінде біздің ауданымызда жазықсыз жаралы болғандар аз болмады. Иә, қылмыстық жауапқа тартылмаған күннің өзінде баласы үшін ата-ана жазықты боп, студент жастардың қудаланып, сергелдеңге түскенін білеміз. Сондай ата-аналардың бірі **Совет Нығметуллин**.

Балам Айман ол кезде Жезқазған қаласында институтта оқитын. Бұл желтоқсан айының соңы еді. Бір күні ойда жоқта мені аупарткомға шақырды. Сағат кешкі 17-де, яғни шақырған уақытында бардым. Ол кезде аупарткомның бірінші хатшысы марқұм Тохметов Саят еді. Кең бөлмеге кіргенімде бірінші хатшы, бюро мүшелері, заң қызметкерлері отырды. Ә, дегеннен мені жауаптай бастады.

Балаң ақымақтық жасапты. Шеруге қатысқаны туралы бізге оқитын жерінен қағаз келді- Өзің коммунистсің, балаңа неге дұрыс тәрбие бермегенсің? Соның салдарынан Коммунистік Партия саясатына нұсқан келіп отыр, - деген сияқты біраз сөздер айтты. Мен ішімнен тыныш отырмын. Тіл қатуға дәрмен жоқ. Ол кездегі уақыт солай. Тәртіп — катал. Аузыңды ашсаң, құрыдың. Бірде демалысына келген баламнан: - «Бұл қалай?» - деп жай-жапсарын сұрадым.

Сол күні бізді кәзір митинг болады, -деп институтқа жібермеді. Алдында жатаханаға екі жігіт келіп, студенттер арасында үгіт-насихат жүргізіп кеткен. Арамызда біраз мұғалімдер бар шеруге шықтық. Сол кезде алдымыздан институт ректоры Жәкенов шығып: «-Босқа жүріп, пәлеге ұрынып қаласындар» - деп ақылын айтып, тоқтау салды. Дәл сол уақытты күгіп тұрғандай милиция қызметкерлері қаптап кетті.

Жанымызға әдейілеп келген автобуска күштеп салып, тиісті орындарға алып кедді- Бәрімізден жеке – жеке жауап алды»- деген еді Айман. Әке-шешен қайда? Қандай жұмыс істейді деген сұрақтарына балам тегістей жауап берген. Сонан мені партия ұйымының жиналысында қарады. Қатаң жаза қодданбақшы болды. Әйтеуір, қатаң сөгіс алып, аман қалдым.

Алматыдағы қанды оқиғаны кейіннен бірге қызмет істейтін Халық Анықбаевтан толық естіп, жағамды ұстадым. Ұл қыздарымызды көк аязда мұзға отырғызғанын, одан қалса қаланың сыртына апарып тастағанын естіп, газеттерден де оқып бойымды ашу- ыза кернеді. Дегенмен де азаттық үшін арпалысқан жастарымыздың бұл әрекеті күні ертең әділ бағаланып, кейінгі ұрпақтарымыз үшін тарихи белес болып қалатынына кәміл сенген едім, - дейді Совет.

Иә, сол күндерді қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Дегенмен, әр уақыттың есте қаларлық жақсылығы — жаманды бір өзгерісі болады емес пе? Жетпіс жыл бойы солақай саясат құрбаны болып келген қазақ халқы үшін бір өзгеріс керек - ақ болды. Жалындары бойларынан жанартаудай атылған жастарымыз бодандықтың шынжырлы бұғауын бір —екі ақ күнде үзіп, ата — бабаларымыз ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздікке жол салып берді. Қазақ жеріне жаңа леп келді- Көк байрағын желбіретіп, тәуелсіздік алған бес жыл ішінде қазақ елін әлем таныды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Көптеген алып елдермен қарым — қатынас жасалып, араға достық алтын көпірі салынды. Тізе берсек шыққан белестеріміз көп. Тек тәуба дейік. Қанаты қатайып келе жатқан қазақ елінің тәуелсіздігі баянды болсын.

А.СОВЕТҰЛЫ, Ақтоғай мекені
«АРҚА ЕҢБЕККЕРІ» газеті, 15 желтоқсан 1996 ж.

Нөсерғали Сейдіғалиұлы Сейілханов

1965 жылы Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылында туған. 1982 жылы К. Нұржанов атындағы орта мектепті бітірген. 1983-1990 жылдары Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының зооинженер факультетін бітіріп, зоотехник мамандығын алған.

1986 жылы желтоқсан оқиғасына 2 курста оқып жүргенде студент жастар мен бірге алаңға барып қатысқан. Өзімен бірге сол

кезде Алматыда оқитын ауыл жастары да болған.

Ата – анасы Сейілханов Сейдіғали мен Дәкен Рысбекова ауданға танымал азаматтар болса, ал өзі Ақтоғайда әр түрлі салада еңбек еткен, 2002 жылдан Ақтоғай почта байланыс бөлімін басқарады. Зайыбы Айгүл, балалары Әйгерім мен Баян жоғары білімді мамандар, отбасын құрған, ал Әли – ҚарГУ-де 2 курс студенті.



Желтоқсан ерлік тарихымыз

Ұлтымның ұмытылмас ұландары

«Аршылғанда тарихтың актандағы,

Қайсар қазақ жастары аттанады», – деп ақындарымыз жырлағандай, тәу етер Тәуелсіздігіміздің тарихи белестері халық жүрегінде сақталып, жадында мәңгі жатталып қалатыны анық. Қазақ атамыздың «Ер бақыты мен ел бақыты неде? — деген сауалы бар. Осы сұраққа жауап берер болсақ Отаны аман, іргесі тыныш болса ел бақытты, сындарлы сәтте жауға найзасы тиетін, бейбіт кезде еліне пайдасы тиетін



ері болса, ел бақытты, - деген екен. Ал, халық үшін байлық дархан даласы, елінің ертеңін ойлар, болашаққа бойлар ұрпағы. Тәуелсіздігіміздің тұтқасы желтоқсан оқиғасына да биыл 24 жыл болыпты.

Азаттығымыз үшін Алматының бас алаңында сонау 1986 жылы жалынды жастардың жан айқайына үн қосқан азаматтар ауданымызда баршылық. Солардың бірі аудандық пошта байланыс бөлімін басқарып отырған Сейілханов Нөсерғалы Сейдіғалиұлы. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында әйгілі желтоқсан көтерілісінің куәгері Нөсерғалы Сейдіғалиұлын әңгімеге тартқан едік.

Бұл ұмытылмас күн. Мен ол кезде яғни, 1986 жылы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының зооинженер факультетінде оқып жүрген кезім. Желтоқсанның 19 күні алаңға шығамыз деген жігіттерден хабар жетті. Ызғарлы күні ашу - ызамен студенттермен бірге алаңға бардық. Әрине арам пиғылымыз жоқ. Ел басқарып отырған аға — апаларымыздан желтоқсан Пленумының шешімдерін түсіндіруді өтіндік. Бірақ біздің талабымызға құлақ түрер жан болмады. Қайта алаңға қарулы күштер топтастырыла бастады. «Шешінген судан тайынбас» -алаңнан біз де кетпедік. Кенеттен жастарға қарулы күш көрсетіді- Ит айтақталды. Жазықсыз жәбірленген жастарымыз суық судың, сапер күрегінің астында қалды. Мен де бір қазақ жігітіне ара түсемін деп менттардың (дубинка) келтегіне тап болдым. Есімді жатахана бөлмесінде жидым. Жолдстарым көтеріп әкеліп тастап кетті. Халық қашанда әділетті жақтайды. Мен де сол әділеттік үшін алаңға шыққанымды, жалынды жастардың жан айқайына үнімді қосқанымға өзімді бақытты санаймын.

«Кең дүние құшағынды аш, мен келемін,

Алынбаған ақым бар сен де менің» - деп Алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев айтқандай қазақтың тарихқа кеткен есесінің қайтқаны бұл. Тәңіріміз жарылқап Тәуелсіздік алғаннан бері байрағымыз көтеріліп, Ақордалы мемлекет құрдық. Астанамызда әлемнің 56 мемлекетінің басын қосып, ЕҚЫҰ Саммитін өткіздік. Мұның бәрі ел ертеңін ойлаған Елбасымыздың сарабал саясатының арқасы. Бүгінгі мерекедегі тілегім Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын, - дейді Нөсерғали Сейілханов.

Иә, әр күнді емес, әр сағатты санайтын сәт кәзір. Қазақ халқы болғалы ата тарихымыздың шоқтығы биік әрдайым. Жектоқсан көтерілісі куәгері Нөсерғали тілегіне бізде қосыламыз.

А. Советұлы.

Сәтбеков Есен Аманұлы

1969 жылы Ақтоғайда туған. М. Горкий атындағы орта мектепті бітіріп, Жезқазған қаласындағы политехникалық институтының горно — механический факультетіне оқуға түскен.

1986 жылы желтоқсан оқиғасына 2 курста оқып жүргенде студент жастар мен бірге қатысқан...

Өз еркімен оқудан шығып, елге қайтқан.

Әкесі Аман мен анасы Пайза қарапайым, үлгілі еңбек адамдары еді.

Қазір Есен Ақтоғайда тұрады, Ақтоғай почта



байланыс бөлімінде жұмыс істейді. Зайыбы Жазира екеуі Мадина, Зарина, Нұрсерік атты балаларын өсіруде.

Жадымызда жаттаулы...

1986 жылғы желтоқсан желінің ызғары алыстап бара жатса да, санамыздан ешқашан өштеп емес. Қайта болашақ ұрпақ үшін тарих беттерінде, із қалдырып таска кашалып жазыла бермек. Тиіскенге тсктілігін, алыската ептілігін, өшіккенге өктемдігін көрсете білген жастарымыздың ерлігі тарих бетінде алтын әріппен жазылары хак- Сол, желтоқсан окигасының куәгері **Сәтбеков Есен Аманұлының** ой-толғамы.

Мен ол кезде небәрі 17 жастағы бозбала едім. Жезқазған қаласындағы политехникалық институтының студенті болатынмын. 17 желтоқсан күні тәңертеңгілік сабаққа келе жатсам корпустың алды абыр-сабыр. Студенттер қаптап жүр. Жақындай келе аңғарғаным, кілең қазақ жастары.

- Не болды, неге тұрсындар десем, - басшымыз Қонаевты алып, орнына Колбинді сайлапты. Алматыда әділет сұраған жастарға ұрып күш көрсетіпті. Біз қазақ елі емеспіз бе?

Жүріндер біз де обком алдына барып, жағдайды білейік деп, - жастар шулап жатты. Институт алдына пединститут, педучилище, медучилище жатаханасындағы студенттер де жиналды. Пединститут алдына қарай беттедік. Алдымыздан шығып тоқтатқан оқытушыларымыздың бөгеуіне қарамай жүре бердік. Аталмыш оқу орнының алдында үлкен митинг болды. Институт алдына сыймай кеттік. Содан ұл-қыздар

болып бейбіт шеру түрінде Жезқазған көшелерімен жүріп өтіп, обком алдына тоқтадық. Бірде — екілі студент талабымызды айтамыз деп алға шықты. Біздер политехтың жастары көбіміз ұлдар болатындықтан алдыңғы қатарда болдық. Қолымызда В. И. Лениннің «Каждое нация имеет право самоопределение» деген жазуы бар плакаттар. Бізді көшеде кездескен казактар қолдап тұрды. Іле шала айналадан милиция, әскери адамдар қоршап алды. Тез арада шеруді токтатып, жөнге кетуімізді талап етті. «Бұларың барып тұрған тәртіпсіздік, заң алдында жауап бересіңдер» деп айқайлап жүрді. Бар ашуға мінген біздерді токтату мүмкін болмағандықтан, кейін алдымыздан өрт сөндіргіш машиналар тосып алды. Алдымыздан шығушыларды, милицияларды итеріп, қағып-соға өтпекші болғанымыз сол еді, оларда қаһарына мініп, бізді дубинкаларымен ұра бастады. Еріксіз төбелес басталды. Айқай шу, сарт-сұрт болды. Дубинка басына тигендер есінен танып қалды. Қашқаны қашып құтылды. Қыз - ұл демей, қолға түскендерін машинаға тиеді. Соның ішінде мен де кете бардым. Біздерді өрт сөндіру бөлімінің ішіне ұстап отырып, суретке түсірді, түсінік алды. Қайда оқитынымызды білген соң, хабарласып, декандарымызды шақырып, қолдарына тапсырды.

Шеруге шығуымның оқуға көп бөгеті тиді. Күнде жиналыс, түсінік жазу. Әртүрлі адамдар келіп сұрақ қояды. Ақтоғайға хабарлама беріп, әке-шешемізді де біраз әуреге салды. Ол кісілерді де жиналыста мазалап, «балаларыңызға түзу тәрбие бермегенсіздер» деп айыптапты.

Әскерде де солай болды. Біздердің құжаттарымызда жазылған ғой. Онда да біздің не істеп, немен шұғылданып жүргеніміз бақылауда болды. Бұлар «саяси сауатсыздар»

деп кекетіп - мұқатып жүретін. Комсомол жиналысы болса, тағы біздерді айта бастайды. Не керек түптеп келгенде етіміз де үйреніп кетті.

1991 жылы еліміз егемендігін қолға алып, бізде бодандықтан босағандай болдық. Сұрақ-жауап бәрі де жайына қалды. Енді өздеріндей тілшілер келіп, желтоқсан оқиғасының куәгері ретінде не айтасын десе, жасыратыны жоқ, әлі де бір түрлі боламыз.

Жазып алған Г. Елеусізова
«Тоқырауын тынысы» газеті, 13. 12. 2001 жыл, 7 бет.

«Желтоқсан қаһарманы»

Есімде менің сол күндер **(Тән жарасы жазылар, жан жарасы ше?)**



1986 жылдың желтоқсан айының іші. Жатахананың бір бөлмесінде жататын үш қыз теледидардан Мәскеуден берілетін соңғы хабарды тыңдап отырмыз. Кенеттен диктордың:

«Алматыда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің V пленумы болып өтті. Пленум зейнеткерлікке шығуына байланысты Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Конаевты орнынан босатып, орнына бұған дейін Ульяновск облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып істеген, Колбинді сайлады» деген хабарын естідік. Сонымен Москваның бір заводында директор болып

істеп, зейнеткерлікке шыққан біреуді көл-көсір қошаметпен шығарып салып жатқанын көрсетті. Жүрегімізде намыс оты... Д.А.Қонаев ағамыздың еңбегі сол «директор» құрлы болмағаны ма? Ал Колбин деген кім? Бойымызды ашу-ыза кернеп кеткенін де бір сәт сезбей қалдық.

Ертеңгі сабаққа дайындалуға зауқымыз соқпай, тұнжырап отырғанымызда: «Жоғарғы қабатқа тез жетіндер. Студенттердің жиналысы болады. Әр бөлмеден бір-бір адам келсін. Сақ болындар» деген хабар жетті. Жиынға қатысқандарға Алматыда болып жатқан қақтығыстың жай-жапсарын түсіндіріп, біздің де сондай демократиялық шеруге шығу керек екендігіміз айтылды. Сол сәтте қызыл матаға ұрандар жазылып, азаттық жолында болатын күреске дайындық жүріп жатты. Екі-үш студент түнгі ызғырыққа қарамастан хабарласуға басқа оқу орындарының жатаханаларына кетті. Бұл істің бәріне үйтқы болып жүрген филология факультеті студенттері еді.

Ертеңіне таңғы сағат 6-да институт алдына жиналды. Бізге политехникалық институттың студенттері келіп қосылды. Бәрі тас-түйін. Қарамыз молая түсті. Шеруге жиналғандарды таратамыз деп институт ректоры, әр факультеттің декандары келді. Бірақ бірде — бір студент алған бетінен қайтқан жоқ. Сол жиналған бетімізде алаңға беттедік. Еш кедергісіз ішкі істер бөлімі мекемесі жанынан өттік. Әр жерден «Біз Пленум шешімдеріне келіспейміз», «Әр елдің өз көсемі болу керек» -деген жастардың жалынды сөздері шығып жатыр. Ұрып соғу, ұстау, төрт көшенің қиылысқан жері «Жас техник» дүкенінің жанында басталды. Жан-жақтан өрт сөндіруші машиналар, автобустар, милиция жасақшылары қоршап алды. Ол жерде көп студент қолға түспей, аман —есен жатақанаға жеттік. Бұл сағат 12-нің кезі болатын.

Арада бір сағат өткенде:

Біз сағат 2.00.-де шеруге шығамыз. Студенттер бізге қосылсын, - деген «Мыс заводы» жұмысшыларының хабары жетті. Айтылған уақытта орталық стадионға коддарына алқызыл ұрандар ұстаған студент жастары келіп кірдік. Суретке түсіру, ұрып — соғу сияқты нағыз қақтығыс осы жерде басталды. Көптеген студенттерді машинаға тиеп алып кетті. Уәде берген «мыс заводының» жұмысшылары келмей қалды. ..

Сол күннің кешінде қаланың кейбір басшылары жатақаналарды аралап, «жағдайларынды жақсартамыз, ереуілге шықпандар» деген үгіт жүргізіп кетті. Жатақанадан ешкімді шығармай, не болмаса бейсауат адамды кіргізбейтіндей қатаң тәртіп орнатылды. Қаланың тоқыма фабрикасынан келген комсомол комитетінің секретары жатақана бөлмелерін аралап:

Кім шеруге шықты? Шыққандарың өз еріктеріңмен түсінік жазып бере қойындар. Біз сендерге ешқандай жаза қолданбаймыз , - деді. Жасыратыны жоқ, бұл сөзге көбіміз иланып қалдық. «Ұсынған басты кеспес» деген, әрі біз көппіз ғой , не істей алады. Әділдік іздеп шықтық емес пе? — деген оймен жазып бердік. Сол-ақ екен «жаза қолданбаймыз» деген сөз жайына қалып, күнде жиналыс, күнде шақыру басталды. Комсомол жиналыстарында қарап, көптеген жігіттер мен қыздарды оқудан шығарып жіберді. Біразымызға қатаң сөгіс берді. Бірақ, бұл қудалау, сөгіс студенттердің ешқайсысын жасыта алған жоқ, қайта ширықтыра түсті. Әсіресе, Ұлытаулық Қасиет деген қаршадай өзет қыздың институт проректоры С. Цвейман мырзаға: - *Осының бәрі елімізге, жерімізге келіп алып, тойының семіріп алған сендейлердің қырсығы, - деген сөзінің өзі ерлік емес пе?* Сол сөз әлі жүрегімізде. Ленинград қаласында оқитын ағасын да (осы сөздің лебі тиген болу керек) сол жолы оқудан шығарып жіберіпті.

Бірақ түптің түбінде әділдіктің салтанат құратынына сеніміміз мол еді.

Менің шеруге шыққаным жайлы хабар ауылға жетіп, үй-ішімізді де біраз әбігерге салыпты. 76 жастағы атам Хасен партия мүшесі еді. Кезекті бір партия жиналысында «Балаңның саясатқа деген көзқарасы дұрыс емес, үй-ішіңізді тексеріп, баланды оқудан шығарту керек. Ондай адамдар біздің болашағымызға кедергі» - деген ауыр-ауыр сөздер айтыпты. Анам ауылдық кеңестің депутаты еді. Ол кісіні де депутаттықтан шығару мәселесі көтеріліпті.

Студенттер кезекті демалысқа шығып, ауылға келгенімде атам: - Балам Алматыдағы алаудың жалыны Жезқазғанға жеткенін естіп жатырмыз. «Елім-айлап» еңіреп шеруге шыққандарың да дұрыс. Бірақ, қарағым сақ бол, жалынның ортасында жүрсін» - деген еді. Сол сөздер әлі күнге дейін жүрегімде мәңгі сақталып қалыпты.

Иә, содан бері он жыл уақыт өтті. Сол кезде жарық дүниеге іңгалап келген сәби бүгін он жасқа толып отыр. Өмірді ұғынатын сәтке жетті. Бірақ, сол уақытта жалынның ортасында жүріп өкіну, киналу ойымда болған жоқ. Қайта өзімді бақытты санадым. Шеруге шыққанда өзімізді Тәуелсіз Қазақстанның хабаршысы ретінде сезіндік. Тәуба, Тәуелсіздікке де қолымыз жетіп, көк Байрағымызды желбіретіп, Ән ұранымызды Алатаудан асыра асқақтата шырқауға қолымыз жетті. Тек сол уақытта «қайран елім, қазағым деп зар еңіреп елі үшін құрбан болған өрімдей жастарымыздың аруақтары риза болса екен.

Ашан Хасенова

Н. Әбдіров атындағы орта мектептің мұғалімі.

Нұркен ауылы. «Арқа еңбеккері» газеті, 4 бет,

15 желтоқсан 1996 жыл.



Әділет деп шарқ ұрған

Міне, сол тәу етер тәуелсіздігіміздің таңының атқанына да биыл 22 жыл болса, 1986 жылдың ызғарлы күндеріне 27 жыл толды. Айтуға оңай болғанмен, бұл — тарихи оқиға. «Ашынған қарын тойынар, жаураған бала жылынар», ал тәуелсіздік туы құласа, ол — орны толмас қайғы. Осы туымыз тұғырлы болу үшін Жезқазған қаласында студенттік жиддарын өткізіп жүріп, қуғынға ұшыраған, жалынды жастардың жанайқайына үн қосқан біздің жерлесіміз, бүгіндері Балқаш қаласы Ә. Мусин атындағы гуманитарлық — техникалық колледжде кадрлар бөлімінің маманы болып қызмет істейтін Хасенова Ашан Орынбекқызы болатын.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында әйгілі желтоқсан көтерлісінің куәгері Ашан Орынбекқызын сөзге тартқан едік.

-Ұмытылмас ешқашан да кешегі,

Жүректерде желдей болып еседі.

Әділет деп шарқ ұрған кеуделер,

Желтоқсанның ызғарына төселді, - деп жерлесіміз Амангелді Тілеуқұлов жырлағандай, қанша уақыт өтсе де, халық жүрегінен сол ызғарлы күндер оқиғасы өшер емес. Мен ол кезде Жезқазған қаласындағы педагогикалық институттың 3 курс студенті едім. Сол күндердің оқиғасы күні бүгінгідей есімде.

(Сол күндердегі оқиға мазмұны алдығы газет бегінде Ашан Хасенқызы өзі жазғандықтан, қайталауды жөн көрмедім. Мақала қысқартылып алынды.)

Арада 27 жыл өтсе де, сол күндердің қиындығы көмескіленгенмен, сол кездері ертеңіміз не болар екен

деген күдік – қорқыныш таңбасы жүректе қалды. Талай, қиналды, шаршады, жарқын күндер боларына сеніп, намысымызды қайрай түстік. Шыдадық. Институттан шығармағанмен, «саяси көзқарастары дұрыс емес» деп, қайда қиын жұмыстар болса, біздерді жіберетін. Жертөлелердегі шіріген картошкаларды сұрыптау, сенбіліктерден қалмау, кезектен тыс лагерьде жұмыс істеу сияқты жұмыстарға қуып тығатын. Қаншама бірге жүрген студенттер арман-мақсаттары аяқ асты болып, оқудан шығарылды, жұмысқа ешқайда алмай қойды, сол жылы қызыл дипломмен бітіргендерді еріктерінен тыс түкпірдегі ауылдарға жіберді. Осындай әділетсіздікті көзбен көрдік. Каникулға келгенде көпті көрген Хасен атамның «мен сөйттім деп, ешкімге көп айта берме, әлі-ақ дінде, қазақшылықта қайтадан келеді, оны өзін көресің, көзің жетеді» деген сөзі көкейімнен кетпейді. Бала жасымыздан ұлтың қазақ, елің қазақ елі екенін естен шығармандар, деп атам үнемі айта бергенде мәнін түсінбейтінбіз. Сөйтсек, дана қарияларымыз тәуелсіздік туының жоғарыда желбірейтінін уақытын сезген екен ғой.

Тәуелсізбін, тәуелсізбін мен бүгін,

Келді, міне, азаттығым, теңдігім.

Бостандықта байлығым мен ендігім,

Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім, - деп ағаларымыз жырлағандай, бүгінде ҚАЗАҚ деген елдің жер бетінде бар екені, әлемге аян жүрегімізді қуанышқа бөлейді, отандастарымыз жеңіске жетіп, көк туымыз желбірей көтерілгенде көзіме жас келеді, бұл менің еліме, халқыма деген махаббатымның белгісі.

Кәзір өзім де екі бала тәрбиелеп отырған анамын. Балаларының әр қадамына ата-ананың қалай қуанып, қалай қиналатынын сезініп, қартайған атама сол кезде ауыр соққы болған екен-ау деп ойлаймын. Қызым

Жансая Қарағанды медициналық университеттің 5 курс студенті, ұлым колледжден соң биыл сырттай КарМУ —ды бітіреді, жұмыс істейді.

Гүлнар Елеусізова
«Тоқырауын тынысы» газеті, 3 бет,
13 желтоқсан 2013 жыл.

Құсайынов Сәбидола (Сәбен) Тұрсынбекұлы



10.02.1966 жылы Балқаш қаласы, «Ақөлен» балықшылар артелінде туған. 1973 жыл-1983 жылдары орта мектеп бітіріп, 1983-1984 оқу жылында Алматы қаласындағы зооветеринарлық институттың ветеринария факультетінің студенті болған. Бір жыл әскер қатарына барып, 1986 жылдың көктемінде келген. Кейіннен сол институтты аяқтап, ветеринар мамандығын алған. 1990

жылдары еңбек жолын Абай совхозында веттехник, ферма басшысы, Балқаш қаласы жанындағы «Гүлшат» совхозында ветврач, 1994-1996 жылдары ішкі істер бөлімінде, Балқаш қаласында ауыл шаруашылық инспекция саласында мамандығы бойынша қызмет атқарса, кәзір кәсіпкерлікпен айналысуда. Отбасылы, төрт баласы бар. Шашубай кентінде тұрады.

Ол өз әңгімесінде: «Желтоқсан айының 17-18 күндері алаңға студент жастармен және кластасы, әрі досы Исбеков Жалелмен бірге барған. Жалел өзі

тұратын жатаханада қоғамдық жұмыс атқаратын, жастарға басшы болды. Мен тұратын №7 жатахана алаңға жақындау еді. Алматының бірнеше көшелерімен жүре отырып, студент жастар қосылып, алаңға симай кеттік. Алаңнан кетпедік. Адам айтуға ауыз бармайтын айуандық болды. Алаңға әділдік іздеп, сеніммен бейбіт шеру құрған халыққа қарулы күш көрсетіп, ит айтақтады. Жазықсыз жәбірлеп, аязды күні суық су шашып, жығылғанын тұрмайтындай етіп, сапер күрегімен ұрды. Қолға түскен ұл — қыздары, жас — кәрісіне қарамай ұрып соқты. Жаппай қуғын жасағанда, ұрып — соғуға қарсы тұра алмадық. Менің аман қалу себебім жатаханам жақын еді, кіріп бас сауғаладық, тығылуға мүмкіндік болды. Бізді қоршауға алып, күш көрсетілген кезде Жәлел досымнан адасып қалдым. Қатысқан студенттерді анықтағанда, Жәлелді бір орыс қызы айтып қойған. Оның сол кезде көрсеткен ерлігі интернетте суретте бар. Жалел сотына да қатыстым, көп қиыншылық көрді. Мен емес Жәлел досымның ерлігін, оның ата-анасының, бауырларының көрген бейнетін келешек ұрпаққа айта бергім келеді.

Жалпы тек біз емес барлық Ақтоғайлық жерлес студенттер де болды. Бәріміздің ойымыз бейбіт шеру еді...» деп аяқтады әңгімесін.

Омашев Құрманғазы Тиштықұлы

10 қаңтарда 1969 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Ақтоғай селосында туған. 1975 жылы Ақтоғай селосындағы МТорький атындағы (кәзіргі Ә.Бөкейхан атындағы) орта мектепке барып, оны 1985 жылы бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ

педагогикалық институтының География және биология факультетіне түскен.



1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан. Мақсаты – Қазақстанға бейтаныс адамды басшы етіп тағайындаған Мәскеудің шешіміне қарсылықты билікке бейбіт шеру арқылы жеткізу болды. Алайда сол жылдыры оқу орнынан қуылып, 1987 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге аттанған.

Ол сөзінде: - 1989 жылы әскерді аяқтап оқуымды жалғастыру үшін Алматы қаласына бардым. Бірақ Желтоқсан оқиғасына қатысқаным үшін оқуға қайта қабылдудан бас тартты. Марқұм әкемнің Алматыға келіп әр кісілерге жолығып көмек сұрады, сол кездегі биліктен қорықпай менің оқуға қайта қабылдануыма көмектескен белгілі саясаткер, ақын Мұхтар Шаханов болды.

Әкем Тиыштық (Амантай) мен анасы Гүлсім аудандағы үлгілі отбасыларының бірі, еңбек ардагерлері.

1992 жылы ауылға оралып, отбасын құрып, жоддасы Айман екеуі балалары Нұрай, Шырай, Арайды ер жеткізді, немересі бар. Кәзір Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Жеке кәсіппен шұғылданып еңбек етуде.

«Шырғалаң»

Осыдан жиырма жыл бұрын... Тарихта қара таңба болып қалған 1986 жылдың 16-шы желтоқсаны. Бар болғаны 18 минутке ғана созылған пленумда Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Колбиннің сайлануы халықтың ашу-ызасын тудырғаны ақиқат. Желтоқсанның ақ қар, көк мұздақ ызғарлы күндері тоторитарлық жүйеге қарсы әділдік іздеп алаңға шеруге шыққан жастарымыздың үні естіді- Қазақ аспанында Алатаудан асып «Менің Қазақстаным» (бүгінгі Әнұранымыз) әні қалықтады. Ақын Мұхтар Шахановша айтқандай бұл жастарымыз «Тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығаштары» еді. Ел жүрегіне өшпестей із қалдырып, тарих парағына енген осы оқиғаның ішінде жасындай жарқылдап жерлесіміз (ол кезде студент) Құрманғазы Омашев та жүрді.

- Біз бұл оқиғаны теледидардан естідік. Дәл сол күннен бастап Ақтоғайда сыртпен телефон байланысы да болмай қалды. Қаладағы балаларға аландап, шыбын жанымызды шүберекке түйіп отырғанымызда 22 желтоқсан күні кешкі уақытта Алматыдағы жасөспірімдер театрының актері, бауырым Кеңес Нұрланов хабарласып: —«Аға, қалаға тез жетіңіз. Балаңыз Құрманғазының орындарынан шығарып жатыр. Оның ішінде сіздің балаңыз да бар,- деп, Кеңестің сөзін растады. Осы хабарларды ести сала ертеңіне ештеңеге қарамай Алматыға жол тарттым,- дейді Құрманғазының әкесі,

бүгінде зейнеткер, һәм ауылдың зиялысы Амантай (Тиыштық) Омашев.

Иә, баласы үшін басын тасқа соғып, шырғаланға түскен Аужекеннің қаладағы бейнетін ешкімнің басына бермесін...

Бармаған адамы, қақпаған есігі қалмапты. Енді Амантай ағамыздың Алматыдағы әңгімесіне құлақ түрелік.

- Қалаға барған бетте балам оқитын Абай атындағы педагогикалық институттың деканына барып едім, қабылдамай есік аузынан қайттым. Дереу деканның орынбасарына (Ақтоғайдың күйеу баласы, бұрын араласып тұратынбыз) барып едім, көлеңкесінен қорыққан неме, 1937 жылғы халық жауын көргендей көзі шарасынан шығып: - «Маған жоламаңыздар, мені аңдушы көп, үйге де келмеңіздер» - деп ат-тонын ала қашты. Одан Алматының басында тұратын жұбайымның немере інілерінің үйіне барып едік, олар да «келмеңіздер, аңдушы бар» деп ойбайға - аттанды қосып, шығарып салды. Қысылғанда қол ұшын берер деп барған туысқанның теріс айналғаны жаман екен.

Қайтадан баламның кураторы Ж.Сматовқа жолығып, балаларды институттан шығару жөніндегі бұйрықты анықтап қарағанмын. Онда партияда барын партия жиналысында, комсомолда барын комсомол қатарында қарауға, оған қоса 17-18 желтоқсан күнгі шеруге қатысқандарды сабақ үлгерімдері төмен деген сылтаумен институттан шығару керек деген жоғарыдан тапсырманың берілгендігін білді. Дегенмен де, баламды бір барғаннан бір күн бұрын комсомол жиналысында қарап, албырт жастығын, бірінші курс студенті екендігін бұрындары ешқандай жаман аты шықпағандығын, сабақ үлгерімі жақсы екендігін ескеріп, жазбаша түрде сөгіс беріпті. Құрманғазы

институт қабырғасында қалды-ау деп қуанып едік. Ертерек екен. Сабағын үлгермегені үшін деп 1987 жылдың қаңтар айында оқудан шығарылғандығын естідік. «Жазған құдда шаршау бар ма?» деп шаһардағы институт басшыларымен жүздестік. Берген жауаптары: «Балаңызды ауылға алып қайтып, Отандық борышын өтеуге жіберіңіз. Әскерден келген соң көмектесеміз» - деді. Содан Құрманғазыны ауылға алып қайттым да, 1987 жылдың сәуір айында әскер қатарына жібердім.

Баламның болашағын ойлап, шақшадай басым шарадай болып жүргенімде қаңтар айының бір күнінде аудандық ауылшаруашылық кәсіподақ комитетіндегі қызметімнен шақырып алып, бастауыш партия ұйымының жиналысында партиялығымды қарады. Сондағы сылтаулары Алматыдағы алаңға шығып, шеруге қатысқан балаңа дұрыс тәрбие бермегенсің, - дейді. Осыдан кейін көп ұзамай шеруге қатысқан төрт баланың ата-анасын аудандық партия комитетінің бюросында қарады. Менің жұбайымды да бастауыш партия ұйымының жиналысында қарап, бюроға әкедді-Сол кездегі аудандық партия комитетінің хатшысы Саят Тохметов төрт сағат бойы тұрғызып қойып, біраз жаттағандарын айтып, сілкілеп алды. Сондағы айтқаны: - «Балаларға неге дұрыс тәрбие бермейсіндер, олар неге алаңға шығады? Менің балам ондай тәртіпсіздікке қосылмайды. Сендердің балаларың сияқты шеруге қатысқан жоқ. Үйден шықпай, тығылып отырып алды, - дейді кеудесінде намысы жоқ баласын ұялмай мақтан тұтып. Ал, екінші бір бюро мүшесі: - «Менің де балам оқиды. Абырой болғанда сол күні ұйықтап қалыпты,» - дейді мәз болып. Бұған не дейсің?..

Сонымен жоғарыда айтылған бюрода балалары желтоқсан оқиғасына қатысқан ата аналарға, яғни партияда барларына сөгіс берді. Жылдар өткен соң



балам Отандық борышын өтеп кедді Біраз күндер өткеннен кейін, баламды бұрынғы оқыған Алматыдағы Абай атындағы институтқа қайта апардым. Кейіннен институт басшылары да ауысыпты. Жаңадан келген басшылар баламды қайтадан оқуға қабылдамады. Айтатын сылтаулары Құрманғазының желтоқсан оқиғасына қатысқандығы.

Дәл сол уақыттары қазақтың біртуар ұлы, халық қалаулысы ақын Мұхтар Шаханов басқарған комиссия желтоқсан оқиғасына байланысты жұмыс жасап жатқан болатын. Мен де М. Шахановтың қабылдануында болып, барлық жағдайымды айттым. Мұқаң сөзге келмей, комиссияның бір мүшесін шақырып алып, менің баламның ісімен шұғылдандуды тапсырды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты түскен жастардың тізімін қарап отырған комиссия мүшесі Алатау аудандық ішкі істер басқармасынан ешқандай құжат келмегенін анықтады. Ондағылар да түрмеге түскен адамдар жөніндегі құжаттарды жойып жібергендіктерін айтып, комиссияға түсінік берген. Бар айтқаны балаңыз Алатау аудандық ішкі істер бөліміне түссе, оны анықтауға еш мүмкіндік жоқ. Институтпен хабарласып, анықтаймыз, - деп шығарып салды. Келесі күні оқу министрлігіне кіріп, министрдің орынбасарымен (дәл қазір аты-жөні есімде жоқ) жүздестім. Ол кісі институтпен хабарласып, желтоқсан оқиғасына байланысты ешкімнің оқудан шығарылмағандығын, шыққан студенттер тек оқу үлгерімінің төмен болғаны үшін кеткенін айтып, балаңыз сынақ тапсырсын, жолы болса оқуға түседі,- деді. Мұнан кейін Алатау ауданы ішкі істер басқармасындағы тізімнің өртеніп кеткендігін тілге тиек етіп, қалалық прокурорға шағымдандым. Одан да түк шықпады.

Алматыдағы жатқан пәтеріме келіп, балам Құрманғазыдан комсомол билетін сұрап алып қарап отырсам, есеп карточкасында 17-18 желтоқсан күнгі тәртіпсіздікке қатысқаны үшін жазбаша сөгіс берілсін» деген жазу тұр. Есеп карточкасын ала салып, жалма - жан Мұхтар Шахановтың комиссиясына келдім.. Мұқанның өзіне жолығып, есеп карточкасын көрсетіп едім, ол кісі комиссия мүшесіндегі біреуін шақырып алып: - Мына, ақсақалдың баласын оқуға қабылдауға оқу министрлігіне, институт ректорының атына хат дайындап әкел,-деп тапсырды. Дайындалған қатынас қағазын алып оқу министрінің орынбасарына апарып едім, ол кісі қолма-қол бір қызметкеріне институт ректоры атына қатынас қағазын дайындатты. Оқу министрінің һәм Мұхтар Шахановтың қатынас қағаздарын алып, институт ректорына кірдім. Әйтеуір әупірімдеп жүріп балам Құрманғазыны оқуға қайтадан қабылдады. «Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын» демекші, желтоқсан оқиғасына қатысқан жалынды жастарымызға жанашыр болған ақиық ақын Мұхтар Шахановқа, институттағы баламның кураторы болған Жайнат Сматовқа алғысым шексіз. «Анасын арда емген азаматтар екен. Баламның арқасында талай қиыншылықтарды бастан кешірдім. «Аққа қара жұқпайды» деген даналарымыздан қалған тәрбиелік сөз тегін айтылмаса керек. Қайтсе де әділдік, шындық жеңеді ғой. Отанымыздың іргесі аман болып, тәуелсіздігіміздің тұғыры мықты, көкбайрағымыз көкте болсын,-дейді Аужекең ақсақал ағынан жарылып. Ләйім, ағамыздың ақ тілегі қабыл болсын, - деп мен де әңгімесіне түйін түйдім.

Желтоқсан оқиғасына 20 жыл, Тәуелсіздігімізге 15 жыл. Осы жылдар ішінде елімізде талайды тамсандырған өзгерістер бол

«жеріміз көркейіп, әлем таң қалар елге айналды. Мұның бәрі еркіндіктің, тәуелсіздіктің арқасы.

А.Советұлы

«Арқа еңбеккері» газеті, 15. 12. 1996 жыл

Омашев Тиштық (Амантай) - ата-ана



1941 жылы Тельман ауылдық кеңесі, «Тельман» ұжымшарында (Жидебай батыр округі) дүниеге келген.

1958-1963 яок. «Қызылтас» ұжымшарында әртүрлі жұмыстар, 1963-1966 жж. Аудандық тұтыну қоғамында товаровед, тексеруші болып еңбек жасаған. 1970 жылы Целиноград қаржы техникумын бітіріп, 1966-1971 жж. Қаржы бөлімінде аға инспектор, 1971-1979 жж. аудандық Тұрмыс қажет өтеу комбинатында директор, 1979-1983 яок. аудандық стат бөлімінде бастықтың орынбасары, 1983-1988 яок. аудандық Кәсіподақ комитетінде бас есепші, 1988-2006 яок. халық банкінің аудандық бөлімшесінің басшысы болып ауданымыздың әртүрлі саласында жемісті еңбек етіп, халқының ықыласына бөленген.

«Тоқырауын тынысы» газеті 11.12.2015 ж

Желтоқсан жаңғырығы жадымызда

«Желтоқсан көтерілісі» - ол қазақ халқының тарихында болған ақтандақтардың бірегейі. Тарихта кара таңба болып қалған оқиғаның «дүркіреп» өткеніне де биыл 29 жыл толып отыр. Әйтсе де сол бір ызғарлы үш күн әлі де көкейден кетер емес. Қаншама жас қыршын кетіп, осыншасы жазықсыз жұмыстан немесе оқудан қуылған. Қызыл империяның қаһарынан қаймықпай, тарих парағына енген осы оқиғаның ішінде жасындай жарқыддаған жерлесіміз Омашев Құрманғазы ағамыз да жүрген еді. Осы желтоқсан оқиғасының дүрбелені тек қана желтоқсаншылар ғана емес, олардың ауылдағы отбасыларына тиіп, олардың ата-аналары да көп зардап шеккен еді.

Құрманғазы ағамыздың әкесі, Ақтоғай ауылының тұрғыны Омашев Амантай ақсақал өз басынан өткен сол оқиғаға байланысты жағдайды былай әңгімелейді.

Бүгінгі жас ұрпақтың санасына тәуелсіздік қандай жолмен келгенін үнемі сіңіріп отыру қажет деп ойлаймын. Жылдар жылжып өтіп жатыр, алайда жан жарасы әлі жазылған жоқ. Осы хабарды ести сала ертесінде таңертен анасы екеуіміз бірдей Алматыға жол тарттық...

(Әңгіменің өзекті жолы аддғы «Шырғалаң» мақаласында айтылғандықтан қысқартылып алынды)

Қаңтар айының бір күнінде аудандық ауылшаруашылық кәсіподақ комитетіндегі қызметінен шақырып алып, бастауыш партия ұйымының жиналысында партиялығымды қарады. Одан кейін Ақтоғайдан шеруге қатысқан төрт баланың ата-анасын, яғни Елібаев Қапас, Мұқашев Байзада, Сәтбеков Аманның әйелі, біздің отбасын аудандық партия комитетінің бюросында қарады. Сол кездегі аудандық партия комитетінің хатшысы Саят Тохметов бізді

төрт сағат бойы тұрғызып қойып, сілкіледі. Не керек, жерден алып, жерге салды. Партияда барларына сөгіс берді.

...Осы сәтте бағанадан бері үнсіз отырған Гүлсім апай басын көтеріп, әңгімені әрмен қарай жалғастырды.

- Құрманғазым қазір Астана қаласында тұрады. Айтпақшы, келінім Нығметүллина Айман да ол кезде Жезқазғанда институтта оқып жүргенде, Желтоқсан оқиғасына қатысып, Алматыдағы студент жастардың талабына үн қосқан жастардың бірі. Осылайша екі балам да тәуелсіздіктің бастауында тұрған жалын жүректі жастардың қатарынан орын алды. Құрманғазы заман талабына сай Астана қаласында құрылыс саласына байланысты өзінің ЖШС-ін құрып, жұмыс жасап жатыр. Ал, Айманым Инвестициялар және даму министрлігінде жұмыс жасайды. Тәубе, іздерін жалғастырушылары, арттарынан ерген үш балаларын тәрбиелеп, өсіріп отыр. Отанымыздың іргесі аман болып, тәуелсіздігіміздің тұғыры мықты, көк байрағымыз көкте желбірей берсін,- дейді.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы.

Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!

Өздеріндей ер намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы, - деп Мұхтар Шаханов ағамыз жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. 1986 жылғы желтоқсанның қарлы ызғары мен аязы, аға әпкелеріміздің қаны мен жанының жаншылуымен жеткен Тәуелсіздіктің қасиеті ерекше. Осы азаттығымыздың қадіріне жетіп, оны көзіміздің қарашығындай сақтау — бәріміздің борышымыз.

Манар Мүтәліп

08.12.2006ж «Тоқырауын тынысы» газеті

Жүрек жұтқан жерлесіміз

Ел Тәуелсіздігіне 20 жыл. Азаттықты аңсаған сол Тәуелсіздігіміздің алғашқы алауын тұтатқан желтоқсан оқиғасына 25 жыл. Арада жылдар өткен сайын маңызы мен мәртебесі артып, желтоқсан оқиғасы жадымызда дүркін-дүркін жаңғырып, ойымызды өткен күндерге жетелейді.

1986 жыл. Ел ішінде «Қонаевты бірінші басшылықтан алып тастапты», «Орнына Колбин деген біреу келетін болыпты» деген гу-гу әңгіме тарады. Артынша, іле «Алматыда қазақ жастары үкіметке қарсы ереуілге шығыпты» деген суыт хабар жетті. Біреулер қоштап «Дұрыс. Қазақты қазақ басқару керек» деп екіленсе, енді біреулері «Үкіметке қарсы шыққан не деген маскара? Бұл деген партияға қарсы шығу ғой! Бұл деген партияға қарсы шығу ғой!» деп кіжініп жатты. Алматыда тұтанған ереуіл ұшқыны өңірлер мен аймақтарға тарап, жер — жерде партиялық билікке наразылық бой көтерді. Одақ басшылары шамырқанды. Мәскеу шамданды. Төтенше жағдай жариялап, жазалау әскерін шығарды, Ақ қарды қызыл қанға бояды. Тұлымды ұл, бұрымды қыз сокқыға жығылып, түрмеге тоғытылды. Азаттық аңсаған, әділет іздеген қазақ жастарының бейбіт шеруін басбұзарлыққа балады. партия жандайшаптарының айдарынан жел есіп, кінәлі мен жазықтыларды іздеп, қудалау науқаны үдетті. Бұл шешімге наразылығын дәрменсіз ел үнсіздікпен білдірді-

Осынау Тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығашы желтоқсан оқиғасының Айман Нығметуллина, Айнұр



Жолдасова, Ашан Хасенова, Болатбек Стамқұлов, Есен Сәтбеков, Саят Қалияқасов, Нәсер Сейдіғалиев, Әуез Жалел, Қажықан Құлпейісов, Алмағұл Қаппарова т.т. толып жатқан ақтоғайлық қаһармандары бүгінде арамызда жүр.

Жезқазған облыстық партия комитетінің идеология бөлімінің бастығы С. Қожамсейітов «Жезқазған — Желтоқсан 86» атты кітабында 1987 жылы арнайы Мәскеуден КПСС Орталық Комитетінің нұсқаушысы А. Пискуновтың келіп, Жезқазғанда біраз дүрбелең тудырғанын жазады. Онда Пискунов Орталық Комитеттің Қазақстан жайлы арнаулы қаулы қабылдағанын құлағдар етеді. Қаулының түп төркіні желтоқсан оқиғасын бұқараға әзірейіл етіп көрсету екені бесенеден белгілі. «1987 жылы жоғары оқу орнына түсу үшін ауылдық жерден орта мектепті бітірген жастар аз кедді Бұл студенттердің ұлттық құрамын «жақсартуға» қолайлы жағдай тудырды. Әсіресе Ақтоғай, Ұлытау, Жезді аудандары ерекше көзге түсті» дейді автор.

Кітапта «КПСС Орталық Комитеті исламмен күресті күшейту туралы қаулы қабылданып, оны жергілікті партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, жергілікті атқару комитеттерінде бірқатар шаралар атқарылып, осы тақырыпта обком хатшыларының мәжілісінде Ақтоғай ауданы, «Жәмші» совхозының партия комитеті мен дирекциясының есебін тындалғандығы туралы айттым. Кеншардың жетістіктері мен қатар, қоғамдық пікір жүргізгенде жастар жағы әр ауылда молла болуын жақтайтындарын, ауылда өліктер ислам рәсімімен қойылып, құлпы тастарына жарты ай белгісі ойылып, зейнеткерлікке шыққан коммунист қариялардың біразы намазға жығылғандығын, ашылған кемшіліктер қатты сыналып, түзету жолдары белгілегеніне

тоқталдым. Сағат алтыны ұрып кетсе де қозғалмай обком хатшыларының ұсыныс ескертпелеріне карап отырғанда

«Жәмші» совхозының директоры Қауаз Мұқажанов есікті ашты. Әуелі ертең елге қайтатынын, кейбір мәжілісте көтерілген мәселелерді облаткомда шешіліп алғанын айтты да, көңілінде тұрған түйткілді жайып салды.

Саяси тәрбие нүктесіне тұра алмай тұр... Тым қасаң, адам жанына нәр бермейді, партия да қалың бұқарадан алыстап барады, - деді ол.

Менде күдік үйіріліп ойланып қалдым. Бірақ ішкі сырымды білдірмей: - неге олай дейсіз?. - деп қалдым.

Мәнісі бар, - деді директор. Кәзір «модданың айтқанын істе, істегенін істеме» дегенді үлкенді - кішілі партия, кеңес басшыларына айтуға болады. Ауыл адамдары періштені жерден іздеп, Маркс, Энгельс, Ленинге, Политбюро мүшелеріне сеніп келсе, енді қалғаны жалғыз Алла екеніне көзі жеткендей. Атеистік насихат кәзір әлеуметтік мәселелерді шешумен қанша біріктіріліп қаралса да, оның ішкі күш-қуаты, кісіні иландыру әдісі өзін сарқып тауысыпты» деп келетін өзара әңгімесі баяндалады. Қылышынан қан тамып тұрған Кеңес тұсында мұндай батыл пікір айту екінші бірінің жүрегі дауалай бермейтін ерлікке пара-пар тірлік. Оны кәзір ғана біліп, кәзір ғана мойындап отырмыз.

Шынтуайтында Кеңестер Одағының көсемдерінің әділетсіз шешіміне тек қазақ жастары ғана емес, қазақтың зиялы қауым өкіддері мен бұқара халық та келіспеген. Мәселені ушықтырмай, наразылықты бейбіт шеру арқылы біддірмек болған. Партиялық диктатура оқиғаның өңін айнадырып, қазақ жастарына «ұлтшыл» деп айып тағып, жазалаушы жөндеттерді айдап салды.

Алайда олар қазақ жастарының қанды қырғынының арты тәуелсіздікке ұласатынын болжамаған.

Одан бері ширек ғасыр артта қалды. Ширек ғасыр бұрын қазақ жастары алауын тұтатқан Ел Тәуелсіздігінің өзіне де 20 жыл тодды. Желтоқсанда шеруге шығып, азаттық аңсаған, еркіндік көксеген қазақ жастарының асыл арманы орындалды. Енді Тәңірден «измдік» идеологияның құлы емес, елдің бірлігі мен мемлекетіміздің тұтастығына негізделген ұлттық рухтағы идеологияның құрбаны болуға жазсын деп тілейік. Еліміздің Тәуелсіздігі үшін бастарын бәйгеге тіккен ұлт жанды ұл — қыздарымызды, аға-әкелерімізді ардақ тұтайық. Құрмет көрсетіп, қадірлей білейік.

*Мүсіркеп Сейдахмет.
«Токырауын тынысы» газеті. №51,
15 желтоқсан 2011 ж*



Ақиқаттың алып келген ақ таңын,
Желтоқсаным ерен ерлік мақтаным

Желтоқсан жаңғырығы туралы кездесулер



Суретте: Солдан оңға қарай Е. Сәтбеков,
Әлібай Бакиев, А. Жолдасова, А. Нығыметоллина,
Б. Стамқұлов.

Айнұр Жолдасова, Желтоқсан оқиғасының куәгері:

«Өткенді еске алмай, болашақты елестету мүмкін емес» деген ғой. Еліміздің бостандығын, ел басына ұлт жанды азамат келуі қажеттігін жазып алған ұран плакатымыз бар. Әділдік сұрап, өз үнімізді жеткізуге тырыстық. Құлақ асар ешкі болмады, тәртіп сақшылары қарсы шықты. Жанталасып, таяқ тиюден қорғанып, қаша бердік. Сол күннен бастап әуре-сарсаң басталды. Комсомол қатарынан шығарды, ата-анамызға зияны тиді

Е. Сәтбеков Желтоқсан оқиғасының куәгері:

Жер-жерден алаңға шыққан Жезказғандық студенттердің ішінде болғандардың бірімін. Көп қудалау көрдік. Бірақ қазақ жастарының тәуелсіздік үшін кешкен қиянаты әр жүректе алау болып жанды.

А. Нығыметоллина Желтоқсан оқиғасының куәгері:

1986 жылғы 16-17 желтоқсан қаласында бірінші курста студент едім. Обком алдына жиналған студенттермен бірге мені де КГБ —ның адамдары ұстап алды. Торға түскен торғайдай шырылдатып, сүйреп, комсомолдан, оқудан шығаруға әрекет етті, ата-анамызға қиянат жасады. Дегенмен, уақыт өз бағасын берді.

Желтоқсан куәгерлерін қабылдады

13 желтоқсан 2001 жылы аудан әкімі Р.Әбдікерев осыдан 15 жыл бұрын студент шақтарында Желтоқсан оқиғасына қатысқан аудан жастарын қабылдады.

Олардың қатарында Айман Нығыметоллина, Болатбек Стамқұлов, Есен Сәтбеков, Әлібай Бәкеев, Саят Қалиақасовтар бодды. Аудан әкімі республика өміріндегі ірі оқиға — желтоқсан оқиғасының куәгерлерін ел тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтап, арнайы сыйлықтар табыс етті. Қабылдауда аудандық Мәслихат хатшысы М. Жарылғап, аудан мұсылман әйелдер қоғамының төрайымы А. Балтабаева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Байжұманов және Айман Нығыметоллиналар құттықтау сөз сөйледі. Қабылдауға аудан әкімінің орынбасарлары М. Сәрсенбеков, Д. Тойымбеков, С.Әбеуова, аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Ғ. Ибраевтар қатысты.

*«Тоқырауын тынысы» газеті . №51,
20 желтоқсан 2001 жыл.*

«Желтоқсан оқиғасына 20 жыл» қарсаңында «Желтоқсаннан бастау алған тәуелсіздік» тақырыбында дөңгелек стол өтті. Сол жиынды селолық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарылғап Тохметов басқарды. Оған А. Жоддасова, Е. Сәтбеков, А. Нығметулина, С. Қалияқасов қатысты, ой — пікірлерін ортаға салды.

*Тоқырауын тынысы» газеті . №52, 15
желтоқсан 2001 жыл.
Мақала жазған Г. Метайқызы.*

«Желтоқсан оқиғасына 21 жыл» толғанда аудандық газетке «Желтоқсан — ерлік тарихымыз» атты желтоқсан оқиғасына қатысқан әр қалада қатысқан Ақтоғай азаматтарының ерлігіне арнап бетплакат әзірлеп халыққа ұсындым. Мақсатым — жастар аға - апаларының ерлігіне қатар жүргенде құрмет көрсетіп жүрсін деген ой еді. (Өлкетанушы ұстаз Т. Ақпанбаева)

*«Тоқырауын тпынысы» газеті,
14 желтоқсан 2007 жыл.*

Мүзда жанған алау

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай №14 кәсіптік мектеп ұжымы ұйымдастыруымен Тоқырауын өзені бойында дәстүрлі мұз айдыны ашылды. Оны кәсіби мектептің спорт жетекшісі А. Мұқан ашты. Осы ұжым бастамасымен жыл сайын мұз айдынын ашу дәстүрге айналғанын атап өтті. Келешекте спорт ойындарына қолдау керек екенін де айтты. Онда Желтоқсан оқиғасына жүрек бұйрығымен үн қосқан жерлестеріміз ел мақтанына айналғанын айтып, осы жиынға қатысқан А. Жолдасова мен Е. Сәтбековтерге сыйлықтар тапсырып, жиынға қатысушы спортшыларға табыс тіледі. Мұз айдынына Ә. Бөкейхан, К. Байсейітова атындағы мектеп ұжымы, кәсіптік мектеп, спорт мектебі хоккейшілері және спорт жанашыры, марқұм Жеңіс Қорабаев есімін иеленген команда құрамы қатысты. Мұз айдынының ашылуына аудан әкімі Р. Әбдікеров, аудандық Маслихат хатшысы М. Оңғарқұлов,



аудан әкімінің орынбасарлары Қ. Әмірқасымов, С.Әбеуова, бөлім меңгерушілері қатысты. (Аудандық газет материалынан)

Желтоқсаншылармен кездесуден туған ой...

Жыл сайын тарихы маңызы зор бұл күн тәуелсіз мемлекетіміздің мерей тойымен тұспа — тұс келеді. Желтоқсан қайсарлық пен қаһармандық танытқан жастарымызбен азаматтарымызды еске алып, сол бір аязды күндері абақтыға жабылған, қуғын — сүргінге ұшыраған, жұмыстан, оқудан шығарылған жандармен жүздесу, хал жағдайларын білу, пікірлесудің маңызы зор.

1986 жылғы қазақ жастарының әділеттілік пен тендік, тәуелсіздік жолындағы батыл күресі көп жылғы жүйенің сеңін қозғалтты. Сол жылдардан бергі естеліктерді топтастырып, республика бойынша Төлепбергенов Болаттың жинақтау жұмысы құптарлық. Басқа да қаншама ұйымдар құрылды, еңбек жазылды десенізші..., әлі де зерттелуде. Өткенді білуге құштарлық, болашақ үшін үлгі боларлық өнеге іздеу, жақсы істі тану, бағалау — өмірдің өзекті өрісі, қажеттілік.

Менің өлкетанушы ретінде аудан жастарының ерлігін келешек ауыл жастары біліп жүрсе, оларға арнап ерлік тақтасы жасалса (немесе монумент), өткен күннен белгі қалдыру мақсатында өлкетану мұражайынан арнайы бұрыш, желтоқсаншылар саябағын, тіпті сол жастар оқыған мектептерден қомақты жұмыс ұйымдастырылса деп ойлаймын. Баспасөз беттерінде басқа аудандарда оқыған

мектептерінен мұражай ашу, қоғамдық бірлестіктер атынан мерекелік төс белгі жасату, жыл сайын ақшалай көмек көрсету сияқты т.б. қайырымдылық және ерлікті насихаттау жұмыстарының әртүрлі тәрбиелік шаралары көрсетілуде.

Неге десеніз, сол жастар кәзірдің өзінде, сол кезде 20 жаста болса, осы кезеңде елу жастан асып барады. Сол кезде қорған болған ата-аналары, аталары өмірден өтті, өтіп те жатыр. Ел үшін, ел намысы үшін сол кездегі «кішкентай» жүректерінің соғуын кім бағалайды? Олар кәзір арамызда, ауыл азаматтары!

Ойды ой қозғайды. Желтоқсаншыларды тек желтоқсан айы болғанда ғана іздеп, тек ерліктері туралы қайталап мақала жазудан аспай келеміз. Жанымда жүр жақсы адам дегендей, бір сәт бұрылып толғану, болашақ жастар үшін керек. Ойланайық, ағайын.

Т. Ақпанбаева

*Айналайын жас қазағым, жас өренім халқымның,
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың.
Желтоқсанда Тәуелсіз ел болса деп талпындың,
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның.*

Мұқтар Шаханов

Желтоқсан айы

Желтоқсан айы — аязы мен қары қатар келетін қыстың басы болса, жүрекке жылу беретін жылдың ең қадірлі мезгілі. Қазақ халқы тарихымен тығыз байланысты оқиғалардың көбі Желтоқсан айының еншісінде.

Желтоқсан айы — алғашқы қазақ Үкіметінің куәсі. 1917 жылы желтоқсанның бесі мен он үші арасында Орынбор қаласында өткен екінші қазақ — қырғыз құрылтайы өз мемлекеттігін қалыптастыруды мақсат еткен қазақтың алғашқы Алаш Орда Үкіметін құрды. Бұл қазақ тарихындағы алғашқы Үкімет еді. Ғұмыры қысқа болса да, ол мындаған адамдардың санасына ой салды, болашақ тәуелсіздіктің негізін қалады. Нәтижесінде, басында Қырғыз, кейіннен Қазақ атауын алған автономия құрылды.

Желтоқсан — айының ішінде Қазақстан автономиясы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына айналды. Толық тәуелсіз болмаса да, қазақ елі көрші Түркімен, Қырғыз, Өзбек және Одақ құрамына кірген өзге де республикалармен иық түйістіріп қатар тұрды. Бұл 1936 жылдың бесінші желтоқсаны болатын.

Желтоқсанда — Кеңес Одағының шаңырағын шайқалтып, керегесіне сызат салған ең алғашқы көтеріліс тарихтан орын алды. 1986 жылдың 17-18 желтоқсанындағы жалындаған жастардың орталықтың үстемдігіне қарсылығы қиюы қашқан китұртқы саясаттың бетін ашып, алып империяның тарих сахнасынан кетуін жедедетті.

Желтоқсан — Кеңес Одағының құрылуымен бірге оның жойылуын да жалпақ жұртқа жария етті. 1922 жылдың 30 желтоқсанынан Кеңес Одағын құраушы төрттіктің қатарында болған үш ел «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы» келісімді бекітті. Кәзір тарихқа айналған 1991 жылғы желтоқсан айының 8 күнгі Белорустің Беловеж орманында С. Шушкевич, Б. Ельцин және Л. Кравчук қолдарын қойған бұл келісім Одақтың жаназасы болды. Іле



шала бұрынғы келісім Одақ құрамына кірген он бес елдің Грузия мен Балтық жағалауы республикалары басшыларынан басқасы түгеддей Алматыда бас қосып, тарихи маңызды құжатты жариялады. 1991 жылдың 21 желтоқсан күні қабылдаған Алматы деклорациясы егемен мемлекеттердің пайда болып, бұрынғы КСРО-ның тарағанын жариялап, бұл мәселеде соңғы нүкте қойылды. Желтоқсанда құрылған алғашқы Үкіметін күшпен құлатып, үстемдік алған Кеңес жүйесінің жетпіске жетпей құрдымға кеткенін араға алпыс тоғыз жыл салып қазақ жерінде желтоқсан айында жариялануы кездейсоқ емес.

Желтоқсанда – етек-жеңін жинаған қазақ елі өз тарихында тұңғыш рет халық болып Президент сайлауын өткізді. 1991 жылдың бірінші желтоқсан күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Желтоқсан айы — Қазақстанды тәуелсіз ел ретінде әлемге паш етті. 1991 жылғы желтоқсанның 16 күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, Конституциялық Заң қабылдзды. Ата-бабалар арманы тәуелсіздік тұғыры қолымызға тиді. Бізді әлем танып, өзгелер мойындады.

Желтоқсанда — Ел атауы өзгерді. Президент Қазақ Совет Социалистік Республикасының атын Қазақстан Республикасына ауыстыру туралы заңға 1991 жылы 10 желтоқсанда қол қойды.

Желтоқсанда — Ақмола қаласында Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Парламенті Палаталарының алғашқы бірлескен отырысы өткізідді 1997 жылы 10

желтоқсанда жаңа, Елордадағы биліктің толыққанды жұмысының бастауы болды.

Желтоқсанда — Ақмола ресми астанаға айналды. Қазақстан Республикасының Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы №3700 Жарлығына сәйкес Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Бұл — ұлы дала төсіндегі, әсем де, әлем аузындағы ару Астана тарихындағы айтулы күн.

Желтоқсан — Европа төріндегі Венада елу алты ел мүшесі болып табылатын Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқару тізгінін қолына алған ай. 2009 жылдың желтоқсанында еліміз Орта Азия ғана емес, бұрын Кенес Одағына кірген Европалық және Қазақстандық Республикалар арасынан оза шауып, төрағалықты қабылдады.

Желтоқсанда — Қазақстан төрағалығының тынымсыз, әрі табысты жұмысының түйіні елімізді төрткүл дүниеге танытқан жаһандық жиын өтті. 2010 жылдың бірінші желтоқсан күні Ұлт көшбасшысы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы әлемдегі алпысқа жуық мемлекет және үкімет басшыларының, мүшелерінің басын қосып, Сарыарқаның төрінде беделді ұйымның Саммитін ашты. Тарихта Астана саммиті болып қалатын бұл жиын екінші мыңжылдықта бірінші рет өткізілді және тәуелсіз Қазақ елінің, оның басшысы Н. Назарбаевтың әлем алдындағы абыройын асқақтатты.

Халқымыз үшін аса маңызды оқиғалар еншісіне тиген аязды болса да жүректерге от лаулатқан Желтоқсанның жаңғырығы баянды болсын.

ОЙТОЛҒАУЛАР



«Арқа еңбеккері» газеті, 16.12.1993 ж

Жүйкенізге ши жүгіртіп, ойлар маза бермесе, тылсым тарих беттеріне жүгінейік ендеше. Кім болып ең сен кеше?! Алтының мыс, мысың - шокқа, шок айналып көмірге, шыңырауға құлап барып, қайта келдің өмірге, Бодандықтың шылауында қанатыңнан қайырылып, барлық асыл мұралардан қала жаздап айырылып...

Жүрген кезде заман көшібір сәт жатты алмасып, шынжыр балақ шұбар төстер жағамызға жармасып. Табаға сап шыжғырылды, қуырылды сан апшы, қазағыма қамшы үйірді Колбин деген қарақшы. Мың тіріліп, мың өлсең де сорлы қалың қазағым, бір басыңнан асып жатты-ау, қасірет пен азабың. Жазам қалай жіпке тізіп, қалай айтам барлығын, қабырғамды қайғы қысқан, мен — мұңлымын, зарлымын. Елтай екеш, Елтайдың да басып киіп кепкесін, тек қазаққа



бағыштады шеңгелі мен тепкісін.

...Азаматтар бар екен ғой, намысшыл да білікті, «желтоқсанның» жаңғырығы ой-сананды сілкітті. Алматыда, «Бас алаңда» ұл-қыздарым от өріп, қазағымның өр намысын заңғар көкке көтеріп, жүздерінде ерлік нұры, жүректерде айбат бар, Брежнев алаңында, **ЛӘЗЗАТТАР, ҚАЙРАТТАР...**

МАҚСАТТАРЫ — Тәуелсіздік, армандары — жарық күн, Егеменді ел болуы — қазақ деген халықтың! Ұлтымыздың ар - намысын қорғамасақ — сол айып, орнынан неге кетті Дінмұханбет Қонаев?!

Түсінетін сұрақ еді пәк көңілмен, жүрекпен, қайран боздақ ұл-қыздар - айқай мен өлім тілеп пе ең?! Шырылдаған жан дауыстан, бүкіл әлем оянды, есесіне Алматыда алаң қанға боялды!

Егемен ел атанбай, тәуелсіздік болмаса, нағыз қазақ атанып біз, мәз болмас ек онда аса. Ешкімге де кетпес енді қарыз бенен есеміз, БҰҰ-ға өтіп алдық кеше біз. Империяның құлап түсті тауы, тасы, жартасы. Соның бәрі Президент Назарбаев арқасы. Ақынбысын, қаламынды ал, ұлы жырға қос енді, Қазақты әлем танып жатыр, той дегенің осы енді! Коммунистік партия ма?! Кеңеске де бар билікті ұстатуға болмады. Тәуекелге бел будық та, елді ауызға қараттық, партияны жайғастырдық, Кеңесті де тараттық. Рас, рас, қарға ғұрлым ғұмыры жоқ пендеміз, пенделікке дәру таппай емге біз. Жүрген шакта Абылайхан бастаған, ат ойнатып шыға келді **ТЕҢГЕМІЗ**.

Өсер ұрпақ арзымасын, қажымасын, азбасын, енді біздің қазақ халқы қуаныштан жазбасын. Көрген түстей өте шықсын, ұмыт болсын азабың, қуанышың қуанышқа, тойға ұлассын **ҚАЗАҒЫМ!**

Үмітай **ЖАРМАҒАНБЕТҰАЫ**



Тәуелсіздік бүлкілі тамырында

Толғанам бүгін қос қанаты толар кең байтақ менің Тәуелсіз дархан Әз — Далам. Ақ найза ұшымен, білектің күшімен батырларым бар қорғаған. Ерлікке толы ерлердің ісін ұмытпақ емес ұрпағы. Ызғарлы желтоқсанда бодандықтың бұғауы үзіп, жалындаған жастар жалғаған.

Әр басқан қадам болашаққа нық сеніммен. Кезінде болған көп қиындықтардың көбесі бүгін сөгілген. Жаңғырып көнеміз, өркендеп келеміз. Қазақстан елін әлем таныған. Гүлденген қала, түлеген дала дамуға ұмтылған жанарған елдің жарқын келбегін көреміз.

Уақыт жылжып, сынаптай сырғып тоқтамай зулап барады. Жатсынбай әр кез жаңаны айырып, ақ пен қараны кәдірлеп, еске алып дананы. Өткенде екшеп, барымызды байыппен бағаласақ. Саралап айтсақ, тарих қой әр кез таразы.

Еркіндік еді ата-бабамыздың арманы. Азаттық үшін бастарын өлімге байлады. Ұлт тағдыры үшін құрбандықтарға барса да. Ұрпақтарына жаңа өмір сыйлап, бақытты шақтар арнады.

Лағыл жырлар жатса да шығып жүректен. Ұмытпайық, арыстарды, батырларды. Түн түнлігін түріп, шұғыла күн кешкен. «Таудай бол» деп бата берсе бабамыз. Ақындарымыз Тәуелсіздікгі жыр еткен.

Сонау жылдары басымыздан өтгі қиындық. Болса дағы мойымадық, тас түйін боп жиылдық Тәубә, дейік бағымыз жанып, кеудемізге нұр дарып, бүгінгі шыққан биік белестерімізге сүйсіндік. Біздің текгі ел екенімізді әлемге білдірдік.

Ізгіліктің інжу-маржандарындай қаламда өндіріс ошағы жаркылдап, күшағы кең даламда шаруашылығымыз шалқып иран бақтар орнады алаңда.

Өркендей бер өрісті елім, тыныштық болсын тек алда.

Зердеге түйсек кешегінді де, бүгінді. Өксіген өткендерің өтіп, бүгінгі ұлы тұлғаларың да білінді. Экономикаң қарышты дамып, әр қадамына әлем елдері таң қалып, жақсы істеріңнен үлгі алып сүйсінді.

Дінім мен тілім, ілім мен білім, бірліктегі тірлігіміз түзу келеді. Болашақ үшін ізденіс үстінде Тәуелсіз елдің жас өрені! Жасампаз елдің жаңалықтарының жаршысы. Әлемге танытар жастарымыз бізге де осы керегі!

Ізденген жетер мұратқа, - дейді халқымыз. Тәуелсіз елде жарқырай берсін салтымыз. Дәулегімізге сәулет қосылып, мерейімізді өсіріп, білікгі қолмен, білімді жолмен еңбек жолымызды асырып асқақтай берсін, аспанда жүрсін данқымыз.

Келеміз бүгін өркениетті өрмен, нұрлы шуақты һәм қуатты жолмен. Кеңес кезіндегі қан қызыл туды тұғырынан жерге лақтырдық. Желбіреп бүгін қыран қанатты көкбайрағым да көгімнен! Гүлденген елімде Әнұраным да асқақтап! Ырыс, Бақыт, Бейбітшілік кетпесін әркез төрімнен.

А. Советұлы



ЖЕЛТОҚСАН ЖЫРЛАРЫ



Ерлігіне мақтанам...

Ұмытылмас ешқашан да кешегі,
Жүректерде желдей болып өседі.
Әділет, - деп шарқ ұрған кеуделер,
Желтоқсанның ызғарына төседі-

Түнек болып атқан сонда ақ танда,
Шындық іздеп шырқыраған шақтарға.
Қанда ақты, жаралы боп жүректер,
Ізі қалды тарих болып ақ қарда.

Өлім менен өмір тұрды белдесіп,
Қылышының өткір жүзін сермесіп.
Жау жағадан алған мұндай сәттерде,
Күреспесе бола ма енді бел шешіп.



Естіп жатыр бүкіл әлем үнінді,
Қайтпас қайсар ерлігіне сүйсінді.
Сені торға шырмап алмақ болғандар,
Өздерінің тізелері бүгілді.

Бұғалықты серпе тастап бұлқынып,
Шықтың алға, шықтың алға ұмтылып.
Желбіреттің тәуелсіздік жасауын,
Алдан шықты бақыт болып, Күн күліп.

Қалай тұрам ерлігіне мақтанбай,
Елім-ай — лап атой салдың жасқанбай,
Ел көксейгін өмір бақи өшпейгін
Атың қалды аңыз бенен дастандай.

жерлес ақын А. Тілеуқұлов
«Арқа еңбеккері» газеті, № /6395/,
2 бет, бейсенбі, 16 желтоқсан 1993 жыл

Ызғырық

Алатау қайғырып тұр,
Ізіндей мәңгіліктің
Алаңда ізі жатыр,
Желтоқсан!
Қан бүлікгін
Қазақтың қабырғасы,
Сөгіліп қайғырып тұр.
Адамзат айтындаршы,
Құдай-ау қай бүлік бүл?
Жүрекке мұз да қатты,
Қозғалыс, қолдаған іс.



Кеудеде ыза жатты,
Жұлқына сермеген күш.
Құрсауы бұзылды да,
Ақиқат таңы атты...

Ұмтылған ұл — қызымның,
Тарих боп ізі жатты.
Желтоқсан — бұл төңкеріс,
Тәуелсіздік алауы да,
Желбіреп тұр көгімде,
Азаттық жалауы да.
Арайлы атар таңым,
Болашаққа апарғаның,
Кейіпкер болсын жырға,
ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНЫМ!

Саят Бейсенбайұлы
«Арқа еңбекхері» газеті, №45-46 /6557/,
жесексенбі, 15 желтоқсан 1996 жыл

Желтоқсанда тойым және қайғым бар

Мың тоғыз жүз сексен алты. Желтоқсанның 17-сі. Алматы.
Үлкен алаң. Бейбіт шеру. Шепте Кеңес солдатты.
«Әр халықтың өз көсемі болсын!» деген ұранмен,
Шықты жастар, ал оларда кімнің қандай бар хақы?

Ойлап па еді олар мүлде түседі деп басқа мұң,
Түсініксіз, тұманданған сәтте сол бір қас-қағым.
Дүрліктіріп әнұранмен Алматының аспанын,
Ерлік жасап шықты алаңға, ту көтеріп, тастап үн.

Отарлықтың шектен шыққан езгісіне көне алмай,
Партияның әміршілдік жүйесіне төзе алмай.
Желтоқсанда, бір-ақ күнде дүр сілкінді Алматы,
Бүкіл әлем құлақ түрді, тұрды қарап көз алмай.

Азамат ер, қызғалдақ қыз намыс бұған кеудесін,
Көтерілді батырлардай түскен кезде елге сын.
Бірінші рет қарсы тұрды саясатқа солақай,
Ашпақ үшін ақиқат пен жариялылық пердесін.

Еркіндік пен әділдікке қол созған халықты,
«Күн көсемдер» желтоқсанның ызғарына қарытты.
Ұл-қыздарым шындық іздеп, шарқ ұрса да шырылдап,
Компартия «ұлтшылдар» деп тақты түрлі айыпты.

Мұндай жала, сұм қорлыққа төзе алсын ба ер халқым,
Ежелден-ақ тіл тигізбей сақтап келген ер данқын.
Намыс қайрап, жігер ойнап, ерлік тулап қанында,
Қайрат сынды ер жүрек ұл, батыр қыздар берді антын.

Өмірлерін қыршын қиды, күнге сеніп алдағы,
Ерлік жасап, ғұмырларын мәңгілікке жалғады.
Желтоқсанда от боп лаулап, жанып өшті қаншама,
Ербол, Ләззат, Сәбирадай бейкүнәлар арманы.

Ұмытқам жоқ сол күндерді, енді ұмыта алмаймын,
Жанын қиған боздақтарды жатыр жыр ғып жазбай кім?
Желтоқсанда тойласам да тәуелсіздік күнімді,
Кетпейді естен аққан қаным, көз жасым мен зар қайғым.

Ақтошйлыx, ақын Қуандық Сәденов

Азаттық алауы

Қатқан жара жүректе жазылмаған,
Жырла, - дейді بازیна, назын маған.
Ләззат бол, Қайрат боп тебіренді
Желтоқсанның ызғарлы сазын далам.

Жүректерде алау от маздағанда,
Күніреніп күрсініп өз-ғаламда,
Желтоқсанда қазақтың ұл-қыздары,
Есімдерін қанымен жазды алаңға.

Аршылғанда тарихтың ақ тандағы,
Төгілген қан, көрінді қатқан дағы.
«Әр халықтың болсын деп өз көсемі»,
Қайсар қазақ жастары аттандады.

Ұмытылмас ұлтымның ұландары,
Ала, Алаш, Қазақ деп ұрандады.
Азаттықтың алауын жағып кетті,
Желтоқсанның сол қыршын қырандары.

Ел есінде сонау бір ойран-бүлік,
Еркін ойды сойылдап, жойған қырып.
Көре алмаған елінің еркіндігін,
Қайраттарды ойлаймын қайран қалып.

Желтоқсанның кешегі қан қасабы,
Уақыттың тезімен алмасады.
Ұлтымызды бастаған ұландары,
Ұлы ісі ертенге жалғасады.

Азаттықтың жолында сол аңсаған,
Құрбан болды қыршын кетті, қанша жан.
Желтоқсанның жастарының кешегі,
Ерлігіне таң ғажайып ерлігіне тамсанам.

Алаш елін жер — жаһанға танытқан,
Шықты боздақ қазақ атты халықтан.

Желтоқсанның алауына тұтанып,
Атты мына Тәуелсіздік жарық таң.

Құрмет Бажкеев

Ән шашу Желтоқсан желі

Сөзі: А. Асылбековтікі

Әні: Ә. Тінәлиевтікі

Желтоқсан бірде,
Ел тосқан түрде,
Келетін мүлде жайдарлы.
Сол жылы бірақ,
Әдеттен жырақ
Көрінді шын-ақ айбарлы.

Қайырмасы:

Тондырды мені,
Тондырды сені,
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырды гүлді,
Ондырды нұрды,
Көңілде мұңлы із қалды.

Жоғалтып нуын,
Жоғалтып қуын
Арал да суын тауысты.
Қаңырап мекен,
Аңырап бөкен,
Өріске бөтен ауысты.

Қайырмасы.

Шайқалды күйім,
Шайқалды миым

Бомбалар жиі жарыллы.
Малым да кеміп,
Әлім де кеміп,
Қинады берік жанымды.

Қайырмасы.

Бабалар өлер,
Балалар келер,
Аналар берер тіршілік.
Гүлденер дала,
Түрленер қала,
Бұтаққа жаңа бүр шығып.

Желтоқсан құрбандары

*Әні мен сөзі Бекжігіт
Бидалы Сейдалыұлынікі.*

Желтоқсан желі қуып,
Жеткізді хабар суық.
Қазағым қапаланды,
Намыспен ыза буып.

Қайырмасы:

Елім деп канатталған,
Жазықсыз азапталған.
Тапталған армандары,
Желтоқсан құрбандары.

Қорқытып жасық еткен,
Тұлғалар тұрды өктем.
Жас үнді тұншықтырды,
Бостандық күйін шерткен.

Қайырмасы:

Арманшыл жастық көктем,
Аңғалдық еді неткен.

Сол күндер елестейді,
Азаттық нұрын төккен.

Қайырмасы:

«Орталық, К,азак,стан» газеті, 1.12.2006 ж.

Желтоқсан

Әні мен сөзі Маруана Исабаеванікі

Кейде, кейде, келе ме деп қаламын,
Күте, күте, таусылды ғой амалым.
Күткен сайын көңілімді мұң басты,
Неткен суық Желтоқсанның самалы...

Көңілдерде айықпайтын із қалды,
Желтоқсанның желі неге ызғарлы.
Сағыныштар сар далаға жайылған,
Жібітер ме, жүректегі мұздарды,
Жүректегі мұздарды.

Ұл мен қыздың налы қалды даламда,
Шығып бір сәт тындашы адам алаңға.
Жағылыпты желтоқсанның шырағы,
Ер намысы өшпестей боп санамда.
Өшпестей боп санамда.

«Сарыарка» ГАЗЕТІ, 27.06.1998 ж.



Арнау

Жас арудың жанарында — Желтоқсан,
 Қанды ғасыр табанында — Желтоқсан,
 Қаралы өмір қайыстырған халқымның,
 Қара тұман қабағында — Желтоқсан.
 Жауыздықты жасқаған да Желтоқсан,
 Жаңа ғұмыр бастаған да Желтоқсан.
 Жазықсыздың көз жасына жуынып
 Абактыға тастаған да Желтоқсан.
 Намысымның шырағы да — Желтоқсан,
 Сұрқай өмір сынағыда да — Желтоқсан,
 Жігіттің ұраны да Желтоқсан,
 Жаңа күннің шуағы да Желтоқсан.

Желтоқсан — заман, толғағы байтақ даланың,
 Шарпысқан сәті үміт пен күдік наланың.
 Желтоқсан — Қайрат, Ербол, Ләззат пенен Сабира,
 Құрбаны болған жаланың!
 Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
 Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзда жанған алауы!
 Өздеріндей өр намысты жас өркенді бар елдің.
 Ешқашанда тиісті емес еңкеюге жалауы.



Қорытынды

Қорыта айтқанда, жастар желтоқсан оқиғасында батылдық, іс — қимыл әрекетін тәуекел етумен үйлестіре алды. Табандылық көрсетті.

Тарихтың ойлы-қырлы белестерінде халық жүрегінде сақталып, жадында жатталып қалатын, қоғамдық дамуда айырықша әсер егіп, ұлттық сана сезімге қозғау салатын аса маңызды оқиғалардың бірі — 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы ғой. Мұндағы жастардың ерлігі, өзінің ар-намысын, азаматтық қасиетін, ұятқа қалмауды, отандастарымызды қауіпсіз етуге ұмтылу болатын.

Сол, Желтоқсан оқиғасының жаңғырығына да биыл 35 жыл болды. Өршіл қазақтың кеудесінде жанған сол күнгі алауы, тәуелсіздік деген ұмтылыстың жалынды жарқылы болған екен. Енді, міне егемендік алып, айымыз онынан туды. Желтоқсан оқиғасының каралы күндері, тәу етер Тәуелсіздігіміздің арқасында ұмыт бола бастағандай. Ол күндер тарихта алтын әріппен жазылары сөзсіз. Ендеше қанмен, термен қол жеткізген Тәуелсіздікгі сақтау ұрпаққа парыз.

«Желтоқсан жастарындай өр намысты жас өркені бар елдің жалауы ешқашанда еңкеймеуі тиіс», - деп Мұқтар Шаханов ағамыз айтқандай, біз кейінгі ұрпаққа сенеміз, үміт артамыз.

Ұрыста өмір ешкімге сыйланбайды, оны жеңіп алады, өйткені ұрыс аяушылықты білмейді. Ал азаматтар бойында өз еліне деген мақтаныш — парыз сезімі алға жетеледі.

Әрбір жыл сайын желтоқсан айы келгенде жастардың жанқиярлық ерлігін, желтоқсан оқиғасын, онда елім деп елжіреген ауыл жастарын ұмытуға болмайды. Олар ортамызда жүр, елі үшін жасаған



азғантай болса ерлік еңбектерін өз ауыздарынан естіп, оларды үлгі тұрындар. ҚР Президент сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепбергеннің «Қасиетім — Желтоқсан» публистикалық кітабында және «1986-2016 Рух пен АР» дерекнамалық — публицистикалық еңбектері ақиқатты ашудағы қажырлы еңбек. Автордың «1986-2016 Рух пен АР» дерекнамалық — публицистикалық еңбегінде Ақтоғай жастарының ерліктері де көрсетілген. Атап айтар болсақ: «Алматы 1986 ж.Желтоқсан» 5 том, айғақ кітапқа енген Бәлкеев Әлібай, Әуезұлы Жалел, Нығметуллина Айман, Омашев Құрманғазы әкесі Омашев Амантай ағамыз көрген қиыншылық енген. Ал Сағындық Қожамсейітовтің «Намыстан жаралған халықпыз» еңбегінде Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағат қорынан алынған құжаттар, орталық және жергілікті газеттерде жарияланған қаулы- қарарлар, мақалалар, хабарлар, біздің желтоқсаншылардың да ой — пікірлері қамтылған.

Мен білмейтін тағы да ауыл жастар ерлігі болса жалғасын табар деп ойлаймын... Желтоқсан оқиғасына қатысқан ауыл жастарынан тағы да қалып қойса, алдын ала кешірім өгінемін.

Көріп білгенімізді, есте сақтағанымыз - келешек ұрпаққа үлгі болса деп құрастырылған бұл танымдық кітапша мектеп оқушылары мен жастарға, көпшілік оқырмандарға арналған.

Мазмұны

Кіріспе.....	2
Желтоқсан оқиғасына қатысқан	
Қазақстандық жастар.....	4
Желтоқсандық Ақтоғайлықтар үні.....	15
Кездесулер, баспасөз материалдары.....	67
Ойтолғаулар.....	76
Желтоқсан жырлары.....	80

Бұл еңбегімді 13 желтоқсан күні туған тұңғыш немерем **Айым Ерболқызына** және 30 желтоқсан күні туған немерем **Ералы Ерболұлына** арнаймын. Автор.

Желтоқсан оқиғасына қатысушы ақтоғайлықтар тізімі

Жәлел Әуезұлы
Айнұр Жолдасова
Қажықан Құлпейісов Ізбасарұлы
Әлібай Бакиев
Жанат Елубайқызы
Ардақ Таханова
Алмагүл Қаппарова
Саят Қалиақасов
Мейір Шынарбекұлы
Болатбек Стамқұлов
Айман Нығыметоллина
Нөсерғали Сейдіғалиев
Есен Сәтбеков
Ашан Хасенова
Сәбидолла Құсайынов
Құрманғазы Омашев

Басуға 25.10.2021 ж. кол қойылды.
Пішімі 64х92 1/16. Қағазы офсеттік.
Қарпі «Мг1_Б2КК». Көлемі 5,5 ш.б.т.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 19752
«Огарпі» ЖК баспаханасы,
Қарағанды қ. Ермеков көшесі, 26/2

